

Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлерін жаңа заманға жарасымды жалғастыруымыз қажет.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#АҒАШТАРДЫ
АЯЛАЙЫҚ!



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК
ҚАЛА КӨРКІ

3

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ-110

«ҚАСЫМНЫҢ
БАСҚАЛАРДАН
ДЕСІ БАСЫМ...»



6

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 11 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
967 298

II компонентпен
896 069

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.10.2021

Түнде:



+1+3 °C

Бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар)

Күндіз:



+8+10 °C

Бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар)



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

13.10.2021

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с



Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №123 (6099) 12 қазан, сейсенбі, 2021 жыл.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Халық санағынан онлайн өтіп үлгеріңіз.
Бұл – азаматтық парыз және әлеуметтік жауапкершілік!



Ұлттық халық санағының онлайн мүмкіндіктеріне респонденттердің қызығушылығы жоғары. Оған санақ басталған сәттен бергі көрсеткіштер дәлел. Егер алғашқы екі аптаның ішінде (1–15 қыркүйек аралығы) сауалнамаға 3 млн. қазақстандық жауап қатса, 22 қыркүйек күні санақтан өткендер саны 5 млн.-ға жетті. 28 қыркүйекте көрсеткіш 7 млн.-нан асты. Осылайша халық санағына қатысқан азаматтардың үлесі 37%-ды құрады.

Онлайн санақ ыңғайлы әрі жылдам өтуге мүмкіндік береді. 11 қазандағы сағат 10.00-дегі жағдай бойынша 704 5196 респондент санақтан онлайн өтті. Олардың 604 0911-i sanaq.gov.kz сайтында, 700 972 адам Egov порталында тіркелу арқылы жауап берсе, 303 313 адам санаққа Aitu қосымшасы арқылы қатысқан.

3

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Арзан өнім – жәрмеңкеде



Бүгінде Алматыда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын реттеу мақсатында бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – қаланың барлық аудандарында демалыс күндері ұйымдастырылатын азық-түлік жәрмеңкелері. Мақсаты – Алматы тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету болып табылатын жәрмеңкеде ет-сүт өнімдерін, сондай-ақ, зиянды қоспаларсыз көкөністерді нарықтағы бағадан 15–20 пайызға арзан алуға мүмкіндік мол. Ең бастысы, бұл молшылықтың барлығы бір жерден табылады. Жәрмеңкенің көпшілік көңілінен шығатын тұсы да осы.

2

ҚЫСҚА...

- Қазақстанда тұтынушылардың құқығын қорғайтын бірыңғай ұйым құрылады.
- Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Журналистердің құқықтары бұзылған жағдайда оларды қолдау регламенті» жобасын талқылауға шығарды.
- Елімізде 18 мыңға жуық есірткіге тәуелді науқас тіркеуде тұр.
- Қалада заңды тұлғалардың көбі көтерме және бөлшек сауда саласында жұмыс істейді.
- Мегаполистегі «Желтоқсан» саябағына 200 түп ағаш отырғызылды.
- Қалада 53 917 мүмкіндігі шектеулі тұрғын тіркелген.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

АЛТЫН ҮШБҰРЫШ
Бірлескен әрекет үлкен жетістікке жеткізедіАйкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Мегаполистің жас кәсіпкерлері үшін гранттық қолдау әзірленді. Алматыда жобаның жетінші маусымына өтінімдер қабылдау басталды. «3.2.1. Бастау!» – жас кәсіпкерлер арасында әлеуметтік жобалар авторларының әлеуетін ашуға және қолдауға бағытталған.

Қатысушылар оқытудың мазмұнды инкубациялық бағдарламасынан өтеді, содан кейін үздік идеялар авторлары өз бастамаларын іске асыру барысында грант үшін күресуге мүмкіндік алады.

– Болашағына бейжай қарамайтын жастар өздерінің креативті идеяларын ұсына отырып, әлеуметтік жобаларға белсенді қатысады, – деп атап өтті жобаның бастамашысы Алима Исембаева.

– Олар біздің елімізді жақсы жаққа өзгертеді. Жобаның шарты бойынша авторлар БҰҰ тұрақты дамуының жасандық 5 мақсатының біріне қол жеткізуге өз үлесін қосуы керек: сапалы білім беру, таза су және санитария, арзан және таза энергия, жауапты тұты-

ну және өндіріс, климаттың өзгеруіне қарсы күрес, – деп толықтырды жоба ұйымдастырушысы.

– Мемлекет, қоғамдастық және бизнес еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуы үшін бірлесіп жұмыс істеген кезде теңгерімді сақтап, Алтын үшбұрыш құру маңызды, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елдос Абақанов.

– Бизнеске өз үлесін қосуға және әлеуметтік жобаларға инвестиция салуға мүмкіндік беру керек. Өз кезегінде «Атамекен» ҰКП сауда және шағын бизнесті дамыту департаментінің директоры Әсет Айтбаев палата бизнеске арналған барлық гранттық бағдарламаларды кейін ақпараттандыру үшін қадағалап отырғанын



атап өтті. Егер біз жобаларға қолдау көрсететін болсақ, онда жастар өз бастамаларын ілгерілете бастайды, – деп есептейді Әсет Айтбаев.

Жоба бойынша ақпараттандыру және кеңес беру облыстық елдімекендердегі кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында өтеді. Компанияның жоспарында Қазақстанның белсенді жастары үшін жобаны одан әрі дамыту және кеңейту бар. Қазірдің өзінде ел пробле-

маларына бейжай қарамайтын жастар үшін өзінің ұстанымы мен мәселені шешудегі жаңа тәсілдері туралы мәлімдеуге, сондай-ақ, ұлттық мақсаттарды іске асыруға жеке өзі қатысуға бірегей және қолжетімді мүмкіндік болып отыр. Өтінімдерді жинау кезеңі 2021 жылғы 1 қазаннан 2022 жылғы 31 қаңтарға дейін жалғасады. Өтінімді www.321start.kz және Instagram @321_start сайты арқылы беруге де болады.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРЗАН ӨНІМ – ЖӘРМЕҢКЕДЕ

Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өткен жылы жәрмеңке қала басшылығының рұқсатымен қыркүйек айында ұйымдастырылған болатын. Сауда орындарында санитариялық-эпидемиологиялық норма талаптары қатаң сақталып, келушілер де бетперде тағып жүрді, арақашықтықты сақтады. Ал жәрмеңке ұйымдастырушылар антисептик пен термометрияның болуына жауап берді.

Жыл сайын өтетін жәрмеңкеге алғашында тек Алматы облысының азық-түлік өндірушілерінің тауарлары ұсынылған болса, кейінгі уақытта еліміздегі өзге қалалардан да өнімдерін саудалауға ниет білдірген.

Ендеше, ауа райымен де, табиғи тартуларымен де ерекшеленетін қазан айы биыл да қала тұрғындарын өз өнімдерімен қуантпақ.

Демек, бұл үрдіс Алматыда биыл да жалғасады. Тек ескерте кететін бір жәйт, пандемияға байланысты кейбір мекенжайларға шектеу шаралары енгізілген. Сол себепті, жәрмеңке жылдағы белгіленген кейбір орындарда өтпеуі мүмкін. Алматылықтар нақты ақпаратты www.almatyazyk.kz сайтынан білуге болады. Онда сіз жәрмеңкелердің орналасқан жерін және жәрмеңкелерде сатылатын әлеуметтік маңызы бар өнімдердің ұсынылатын бағаларын көре аласыз.

Аталмыш сайтта жергілікті фермерлер, тауар өндірушілер мен кәсіпкерлер үшін ынтымақтастықтың барлық тетіктері туралы ақпарат та бар.

Жәрмеңкелерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 19 түрі әлеуметтік бағамен ұсынылады. Сонымен қатар, фермерлік шаруашылықтардың өнімдерін сатып алуға мүмкіндік мол. Өнімдер өзінің бағындығымен де ерекше.




Бүгінде қала әкімдігі мен Алматы қаласының ӘКК өкілдері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының көтерілуіне қадағалау және олардың жолын кесу бағытында демалыстағы жәрмеңкелерді тұрақты түрде бақылап отырады. Бұл ретте ақпараттың қолжетімділігі, ашықтық және тұрғындардан кері байланыс алу үшін Алматы ӘКК азық-түлік қауіпсіздігі туралы www.almatyazyk.kz сайтына іске қосқан.

Жәрмеңкелер Алматы аудандарында сенбі және жексенбі күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін мына мекенжайлар бойынша өтеді:

- Алмалы ауданы: Гоголь к-сі – Масаншы к-сі;
- Әуезов ауданы: Абай даңғ. – Өтеген батыр к-сі;
- Бостандық ауданы: «Қазақфильм» ы/а, Жароков к-сі, әл-Фараби даңғылынан жоғары;
- Медеу ауданы: Меңдіқұлов к-сі – Бектұров к-сі;
- Алатау ауданы: «Нұр-кент-5» ы/а, Атлетикалық ауыл, орталық аллея.

Жалпы, сарапшылардың есептеуінше, алматылықтар жылына азық-түлікке 7 млрд. доллар жұмсайды екен. Бұл ауылшаруашылық саласында отандық өндірушілерге деген сұраныстың жоғары екенін білдірсе керек. Демек, жыл сайын өткізілетін жәрмеңкелер қала тұрғындары мен өнім өндірушілерге пайдасын тигізуде.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматылық жасөспірімдер үшін тегін спорт үйірмесі жұмыс істейді.

36



ПТР-зертхана қаланың орталық тандырылған желісіне қосылған.

28

«Іскер ана» бағдарламасы аясында



776 адам қайтарымсыз гранттар алып, өз бизнесін ашты.

Мегаполисте 2023 жылға дейін



20-ға жуық мемлекеттік балабақша салынады.

Алматылықтар



14,9 млрд. теңгеге тегін дәрі-дәрмек алған.

Эфир уақытша өшіріледі

20 қазан күні сағат 03.00-ден 17.00-ге дейін жерсеріктік, цифрлық және аналогты эфирлік желілердің техникалық құралдарында сервистерді жабу арқылы жоспарлы-профилактикалық жұмыстар жүргізілетін болады. «Жұмыстарды жүргізу кезінде Қазақстанның барлық аумағында телерадиоарналардың ретрансляциясы уақытша тоқтатылады», – делінген «Қазтелерадио» АҚ хабарламасында.

Токсандық жоспарлы профилактикалық жұмыстар сервисті ұзақ уақыт өшіруге мүмкіндік беретінін ескерсек, бұл жұмыстар сапалы телерадио хабарларын таратуды қамтамасыз ету үшін қажет.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

**Халық санағынан онлайн
өтіп үлгеріңіз.
Бұл – азаматтық парыз
және әлеуметтік
жауапкершілік!»**

(Соңы. Басы 1-бетте).

Онлайн санақтан өткендер саны бойынша Түркістан облысы алда тұр. Мұнда 913 074 тұрғын санақтан өткені жайлы хабарлама алған. Онлайн санақтан өткен тағы 746 343 адам Алматы облысында тіркелген. Үздік үштікті Шығыс Қазақстан облысы түйіндеді. Мұнда 707 384 адам санақ сауалдарына жауап берді.

Бұл көрсеткіш бойынша әзірге соңғы екі орынды Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары еншілеп тұр. Бұл өңірлерде сәйкесінше 215 464 және 165 749 адам санақтан өтіпті.

Ал жергілікті халық санына шаққандағы санақтан өткендердің үлесі бойынша Шығыс Қазақстан облысы алда тұр. Мұнда азаматтардың 52% сауалдарға жауап берген (1 тамыздағы жағдай бойынша өңірде 136 1163 адам тіркелген). Бұл көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы екінші орында. Мұнда тұрғындардың 51,1% бүгінге дейін санақтан онлайн режимде өткен (1 тамыздағы жағдай бойынша өңірде 823 052 адам тіркелген).

1 қазаннан бастап интервьюерлер үйлерді жаппай аралауды бастаған еді. 10 күннің қорытындысы бойынша онлайн санақпен еліміздің 144 5204 тұрғыны қамтылған.

Онлайн санақтан өту мүмкіндігі алдағы 4 күн, яғни қазанның 15-іне дейін қолжетімді болмақ. Онлайн санақтан тек үйде ғана емес, ел бойынша ашылған 3 мыңнан аса «санақ бұрыштарында» өтуге болады. Олар Халыққа қызмет көрсету орталықтары, «Қазпошта» филиалдары мен сауда-ойын сауық орталықтарында орналасқан.

Онлайн санақтан өтпегендер 30 қазанға дейін интервьюерлердің сауалдарына жауап бере алады. Барлық сауалдар бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу – тегін. Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, онжылдықтың маңызды шарасына қатысуға шақырады. Қазақстанда әркім маңызды!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Деректі фильм түсірілуде



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласында Желтоқсан көтерілісіне қатысып, ақталғандардың саны 516 адамға жетті. Бұл жайында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов Мәжіліс депутаттарының сауалына жауабында айтты.

«Желтоқсан қаһармандарының ерлігін насихаттау мақсатында деректі фильм түсірілуде. Студент жастар арасында Халық Қаһарманы Қ.Рысқұлбековтің құрметіне бокстан, ал Е.Сыпатаевтың құрметіне қазақ күресінен турнир ұйымдастырылады. Қазақтың батыр қыздары Л.Асанова, С.Мұхамеджанова және К.Молданазарованың құрметіне өңірлерде оқушылар арасында шығармашылық патриоттық іс-шара өткізіледі. Жалпы, елімізде Желтоқсан қаһармандарына арналған алаңдар ашу, ескерткіш, монументтер орнату бойынша жұмыс бюджеттің мүмкіндіктеріне сәйкес жүргізілуде», – деді Е.Тоғжанов.

Вице-премьердің дерегінен, Тәуелсіздік алған уақыттан бері елімізде Желтоқсан оқиғасы мен оның қатысушылары есімімен 111 нысан ашылған. Одан бөлек, ҚР Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №540 Жарлығына сәйкес елімізде Желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтар қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылықтан босатылды.

«1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, оқудан, жұмыстан шығып қалған азаматтар «ақтау туралы» анықтаманы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің дәлелді құжаттарын жергілікті прокуратура органдарына ұсыну арқылы ала алады. Анықтама алу тәртібі барынша жеңілдетілген. 2020 жылы Алматы қаласында ақталған желтоқсандықтардың саны 400 адам болса, 2021 жылы 516 адам болды», – деді Үкімет басшысының орынбасары.

#АҒАШТАРДЫ АЯЛАЙЫҚ!

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ҚАЛА КӨРКІ

Ағаш отырғызуға бәріміз атсалысайық!



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Биылғы жаз бұрынғыға қарағанда ерекше ыстық болды. Тал-теректерге су жетпей, күннің ыстығында тез құрай бастады. Осыны ескерген біздің «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің басын біріктіріп отырған «Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы жасыл желектерді суару идеясын көтерген болатын. Соның аясында #ағаштарды аялайық челленджін бастап кеп жіберіп, елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері ниет, тілек қоса іліп әкетіп, қолдарына шелек алып, шаһардағы өздерінің мекеме-ұйымы орналасқан аумақтағы ағаштарды суаруға көшті, жасыл желекті суғаруға атсалысты. Жаз бойы осылай жалғасты.

Міне, жазды шығарып салып, қоңыр күзді де қарсы алдық. Күз демекші, осы қазан айында жаңа ағаш көшеттері отырғызыла бастады. Оларға да жақсы күтім керек. Ал уақытылы, жақсы суғарылған ағаш келесі жылғы ерте көктемде қайта сілкініп, бұр жарып, бой түзеп, Алматы көркін үстей түсері анық.

Кеше. Бүгін. Ертең

2019 ЖЫЛЫ қаланың жасыл қорын қалпына келтіру, дамыту мақсатында «Жасыл Алматы» бағдарламасы жарияланды. Жасыл экономика басқармасының мәліметі бойынша, 2019 жылы #JasylAlmaty акциясы аясында 135 мың жасыл желек отырғызылды.

2020 ЖЫЛЫ 282 мың көшет отырғызылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Атап айтсақ, Алатау ауданында – 187 мың, Түркісібте – 46 мың, ал Медеу ауданында 21 мың көшет отырғызылған.

2021 ЖЫЛЫ көктемде Jasyl Almaty бағдарламасы аясында 64 594 ағаш отырғызылды. Ал осы күзде 285 мың ағаш отырғызу көзделуде. Қалалық Жасыл экономика басқармасының мәліметіне сүйенсек, отырғызылған барлық ағаштарды екі жыл бойы мердігерлік ұйымдар суаратын болады.

2022 ЖЫЛҒА дейін қалада 350 мың көшет отырғызылады. Алматы қаласын 2030 жылға дейін көгалдандыру стратегиясы іске асырылып, 3 парк, 25 сквер салынады. «Алматыны дамыту–2025» бағдарламасы аясында қалалық экожүйені біріктіретін және биоәртүрлілікті қолдайтын қаланың «жасыл желісін» құру міндеті қойылды. 2022 жылға дейін көпжылдық өсімдіктерді 27 мың м²-тан 101 мың м²-қа дейін ұлғайтып, біржылдық өсімдіктерді азайту жоспарлануда.

• **Шаһарда жасыл желектерді суарумен 20-дан астам мердігер компания айналысатын.**

• **Ағаштың суды қажет ететіндігін таяқшаны немесе ұзын құралды жерге бойлата кіргізу арқылы анықтауға болады. Егер ол оңай еңсе, ағашқа су қажет емес. Егер таяқша оңайлықпен кіре қоймаса, топырақ құрғақ деген сөз, ал ағаш суды қажет етеді.**

• **Декоративті-сәндік гүлдерді суару мен күту жұмыстары Жасыл экономика басқармасының қолдауымен, күнделікті 6 мердігер ұйымның көмегімен жүргізіледі.**

• **Жалпы, Алматыда 2 млн. 352 мыңнан астам ағаш өсіп тұр. Оның ішінде жасыл қала өсіп тұрғаны – 1 млн. 800 мың, күтімді қажет ететіні – 459 мың, ал апатты жағдайда тұрғаны – 77 мың ағаш.**

• **Қаладағы ең жасыл аймақ – Медеу ауданы. Мұнда 472 мыңнан астам ағаш бар.**



АКЦИЯ

«ЖАСЫЛ АУЛА»

акциясына алматылықтар қалай қатыса алады?

Мегаполисті көркейтуге алматылықтар да атсалыса алады. Ол үшін «Жасыл аула» акциясы іске қосылған. Акция шеңберінде өзін қоршаған ортаға бейжай қарамайтын, жасыл желекке деген қамқорлығы ерекше тұрғындарға ағаш көшеттері тегін таратылады. Сондай-ақ, олар «Үздік аула» байқауына



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ



қатыса алады. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев бұл байқаудың келер жылы да жалғастынын атап өткен болатын.

Тұрғындарға ағаш көшеттерін тегін тарату туралы іс-шараның басталғанын қаланың Жасыл экономика басқармасының әлеуметтік желілердегі парақшаларында және esovid.kz сайтында жарияланады.

Оған қатысуға ниет еткендер алдын ала өтінішпен бірге:

• **бастаманы көтеруші тұлғаның аты-жөні мен телефон нөмірін;**
• **ағаш отырғызылатын жердің нақты мекенжайын;**
• **көшеттердің саны мен олардың түрлерін;**

• **өтінішке қоса көшеттерді отырғызу жоспарланған аумақтың суреттерін (бірнеше нұсқасын, мамандардың локацияны нақты бағалауы үшін жалпы көрінісін) қоса тіркеп, көрсетуі керек.**

«Жасыл аула» акциясының ережесі бойынша барлық қатысушылар отырғызылған

ағаштардың күтімін екі жыл бойына өз жауапкершілігіне алатыны туралы кепілді құжатқа қол қоюы қажет.

Қайта түлеген Теренқұр

Қайта қалпына келтірілген Теренқұр аумағына 150 ағаш пен 5 мыңнан астам ағаш бұталары отырғызылды. Сондай-ақ, тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай көлік тұрағының орнына балалар және спорт алаңдары орнатылып, әжетхана қондырылды.

Отбасылық саябақ

Наурызбай ауданында отбасылық демалысқа арналған Alem Park салынады. Мұндағы басты ерекшелік – саябақ тұтастай жасыл желекпен көмкерілмек. Бас-аяғы 500 ағаш отырғызылмақ.

Түрлі көңіл көтеру орындары бой көтермек. Мамандардың пікірінше, мұнда балаларға да, ересектерге де барынша жайлы орта қалыптаспақ.

Шетсіз қала

«Маяк» ықшамауданы аумағындағы саябақты көркейтіп, абаттандырудың екінші кезеңі жүріп жатыр. Жоба ішіне балалар, гимнастика және workout-алаңдарын салу, сондай-ақ, демалыс аймағын жасап, көгалдандыру, жарықтандыру жұмыстары кіреді.

Түркісіб ауданында тағы бір жаңа саябақ Жарбұлақ өзенінің жағалауынан бой көтермек. Онда 6,5 га аумақты алатын «Аспан» саябағы болады. Онда да балалар және спорт алаңдары, заманауи орындықтар, биоәжетхана қондырылады.

Жалпы, Алматыда 284 га аумақты алып жатқан 22 саябақ пен сквер жөнделген. 8 жаңа саябақтың құрылысы басталды.

Жаңа Алматы

Жаңа Алматыда қоғамдық кеңістіктер жүйесі қалыптасқан. «Зерделі» шағынауданы мегаполистің осынау жасыл дәлізінің бастауы болмақ. Былтыр 42 гектарға 12 мың ағаш отырғызылған. Бүгінде саябақты абаттандыру жобасы жасалуда.

Демек, жаңа Теренқұр мен Боралдай өзенінің арасын сұлу саябақ пен қарағайлы тоғай жалғап тұрмақ.

Бұрынғы алаңқайда бүгінде 3 мыңнан астам қылқан жапырақты ағаштар өсіп тұр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

200 ағаш отырғызылды

Алматының Желтоқсан саябағында 200 ағаш отырғызылды. Бұл жаңалықпен Түркісіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров өзінің әлеуметтік парақшасында бөлісті.

«Біз 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы азаматтармен бірге әдемі саябағымызға 200 тал-терек отырғыздық. Жыл соңына дейін ауданның әр аумағына тағы 500 ағаш отырғызуды көздеп отырмыз. Біз бұл іс-шарамызды Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнадық», – деп жазды ол.

Мереке барысында тоғызқұмалақ, асық ату, арқан тарту, қол күрестіру сынды ұлттық ойындардан спартакиада ұйымдастырылды. Оған 200-ден астам адам қатысты.



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

ЕРЕКШЕ СЕРПІН БЕРДІ



Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ тарих
факультетінің доценті

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келе жатқанымызға тоқталды. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеткеніміз туралы айтты.

Мемлекет басшысы мемлекеттің тиімділігі және республика халқының тұрмысын, әл-ауқатын арттыру мен жақсартуға негізделген бастамалар мен міндеттерді атап өтті. Ең алдымен, пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму. Орталық Азиядағы экономикасы ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда, алайда, республикамыз қиындықтарға қарамастан бағдарын берік ұстап келеді. Орта мерзімді экономикалық саясатты айқындап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейін дамудың Ұлттық жоспары мен мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі сөз болды.

Мемлекет басшысы алдағы стратегиялық мақсат – Орталық Азиядағы көшбасшылық ролімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту керек екендігін қадап айтты. Елдің экономикасына тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті. Қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Ветеринария жүйесін жақсарту және реформалау мәселесі назарға алынды.

Ендігі бір маңызды мәселе – денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру. Президент өз Жолдауында дүние жүзін жайлаған, адамзаттың көңілін алаңдатып, әлемге, оның ішінде, біздің елге де қауіп тудырған індетке қарсы күреске және елімізді сол індеттен аман алып шығу жолдары бойынша атқарылған және атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Президент биылғы Жолдауында әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның адамзатқа, елімізге зардабын тұжырымдай келе, республика халқының әл-ауқаты мен денсаулығын жақсарту жолындағы жұмыстарға басты назар аудару керектігін нақтылап айтты. Қазақстан коронави

русқа қарсы вакцина жасап шығарған елдердің бірі. QazVac вакцинасының тиімділігі мен оның маңыздылығы дәлелденді, көптеген елдер тарапынан қазақстандық екпеге сұраныс та жоғары.

Мемлекет басшысы еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе құрылуға тиістігіне және бұл шараны іске асыруда тиісті заң жобасын қабылдау керектігіне тоқталды. Вируспен күрес кезінде республиканың фармацевтика саласын дамытуға ерекше мән берілді.

Медициналық сараптама жасайтын көптеген зертханалар заманауи талаптарға сай емес, сондықтан кем дегенде 12 зертхананы жоғарғы технологиямен жабдықтау керек. Медицина өнімдерін зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін заманауи орталық құру керектігіне мән берілді. Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құралдың 17 пайызы ғана отандық өнім, оны 2025 жылы 50 пайызға жеткізу керек екендігі туралы айтылды.

Мемлекет басшысы ел дамуындағы барлық маңызды, өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсына келе, сапалы білім беру туралы мәселеге ерекше тоқталды. Ұстаздарды қолдау саясаты әрі қарай жалғасатыны қуантты. Мұғалімдердің еңбекақысын көтеруге алдағы үш жылда қосымша 1,2 триллион теңге жұмсалмақ.

Пандемияға орай республикамыздағы карантиндік жағдайды қатаң сақтай отырып, білім беру саласы қашықтан ұйымдастырылғаны белгілі. Алайда, қашықтан білім беру жүйесі барысында техникалық ақаулар салдарынан білім алушылардың базалық білімді тереңінен игеруінде көп қиындықтар туындады. Осындай жағдайларға қарамастан республикамыздың бірнеше мектеп оқушылары дүниежүзілік пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мемлекет басшысы осындай талантты жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиістігін, олардың конкурсқа қатыспай-ақ гранттық негізде жоғары оқу орындарына қабылдануы қамтамасыз етілуі қажеттігін айтты.

Президент білім беру саласында заман талабына сай білікті, цифрлік сауаттылығы жоғары ұстаздар керек екендігін нақты атап өтті. Президент ЖОО-ның алдына заманауи талапқа сай және бәсекеге қабілетті маман кадрларды даярлау міндетін қойды. Ғылымды дамыту аса маңызды басымдық және бұл саладағы түйткілдердің шешімін табуда жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттілігі айтылды. Жетекші ғалымдардың еңбегіне сай жалақысын көтеру және іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібі енгізілген де жақсы жаңалық. Осы уақытқа дейін қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен саяси құжаттардың жалғасы болып табылатын бұл Жолдау ұстаздар қауымына ерекше серпін берді.



Әсел ДАҒЖАН

Қазақстан мен БАӘ мерейтойына орай пошталық маркалар шығарылды.

Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің пошта қызметтері «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл. Біріккен Араб Әмірліктерінің құрылғанына 50 жыл» атты маркалар шығарды. Маркалар «Естелік және мерейтойлық

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Алматы полициясы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі Мария Ахметоваға 100 жасқа толуына орай жана жеке куәлігін тапсырды. Көші-қон қызметкерлері жаңа құжатты өнер қайраткерінің үйіне әкеп табыстады.

– Сізді 100 жасқа толуыңызға байланысты берілген жаңа куәлікпен құттықтағым келеді. Сізге ұзақ өмір, денсаулық, бақыт және амандық тілеймін, – деді Көші-қон қызметі басқармасының бөлім бастығы Жанна Жақыпбаева.

Ғасыр жасаған Мария апай ішкі істер қызметкерлерінің жұмыстарына табыс тілеп, ризашылығын білдірді.

Мария Ахметова 13.03.1921 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданында дүниеге келген. Ол – Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ш.Уәлиханов

Тұтынушы құқы қорғалады

Әсел ДАҒЖАН

Тұтынушылардың құқығын қорғайтын бірінші ұйым құрылады. Бұл туралы ҚР Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тынысбеков айтты.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық нормаларды жетілдіру мақсатында комитет заңнамаға өзгерістердің 2-ші топтамасының тұжырымдама жобасын әзірлеген. Құжат Ашық НҚА порталында жария талқылау үшін орналастырылған.

«Заңның (Тұтынушылар құқығын қорғау туралы Заң) 2-ші топтамасы қажетті түзетулерді қарастырады. Атап айтқанда, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі бірыңғай жалпыхалықтық коммерциялық емес ұйымның жұмыс істеуі үшін заңнамалық негіз қалау ұсынылады. Бұл еліміздегі барлық үкіметтік емес ұйымдарды біріктіріп, нығайтады. Екіншіден, тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі омбудсмен институтын енгізу жоспарлануда. Ол халық пен қоғамдық бірлестіктердің дауысы болады», – деді комитет басшысы.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Алматылықтар жойқын жылдамдықпен жұмыс істейтін интернеттің қызығын ел тұрғындары арасында бірінші болып қолданатын болды.

Елімізде 5G желісі, ең алдымен, Астанада және Алматыда орнатылады. Ал облыс орталықтарына 2023 жылдан кейін орнатыла бастайды. Бүгінде 5G желісі әлемнің 42 елінде қолданыста. Ол бұған дейінгімен салыстырғанда, 10 есе жылдам жұмыс істейді. Бұл желінің ауқымы кеңейсе цифрландыру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп салаларының жұмысын едәуір жеңілдетпек. Ұялы байланыс компаниясы мамандарының айтуынша, 5G-дің құрылғыға бір секундта бір толық метражды фильмді жүктеуге қауқары жетеді.

5G желісі Алматыда қазір белгілі бір аймақтарда ғана қолжетімді. Олардың бірі – қала тұрғындары жиі серуендейтін Панфилов көшесі. Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры мен Қарасай батыр көшесі аралығында 5G желісін қолдайтын ұялы телефон арқылы әлемдегі ең жылдам интернетті сынап көруге болады.

5G осы аптадан бастап Медеуде іске қосылады. Оны министрліктің қолдауымен отандық ұялы телефон операторларының бірі қолға алған. Қалалық цифрландыру басқармасының айтуынша, мемлекет тестілеуге арнал-

атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1957 жылы Мәскеуде өнертану

ғылымының кандидаттық диссертациясын қорғаған бірінші қазақ әйелі.



НАНОТЕХНОЛОГИЯ

Асфальттің жаңа түрі сыналуда

Әсел БЕЛДЕУБАЕВА

Алматыда асфальтбетонды жабынның жоғарғы қабатына көміртекті наноұнтақ қосылған тәжірибелік алаң салынды.

Мегаполистегі Төле би көшесінің бойында (Өтеген батыр мен Саин көшелерінің аралығы) ҚазжолҒЗИ мамандары асфальтбетонды жабынның жоғарғы қабатына көміртекті наноұнтақ қосылған тәжірибелік алаң салды. Оның ұзындығы шамамен 100 метр. «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» АҚ мәліметінше, бұл жұмыс «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығымен жасалған «Нормативтік-техникалық базаны жетілдіру бөлігінде жол қызметін басқару бойынша жұмыстар» келісімі аясында жүргізіліп жатыр.

«Негізгі мақсат – тәжірибелік-экспериментті зерттеу нәтижесі бойынша көміртекті наноұнтақ қоспасын енгізу арқылы жол битумы мен асфальтбетонның техникалық сипаттамаларын жақсарту», – делінген ресми хабарламада. Бұл көміртекті наноұнтақ қосылған битум мен асфальтбетон өндірісі «Асфальтбетон-1» ЖШС базасында жасалған.

5G енді қолжетімді



ған жиілік диапазонын ұлғайтуға мүмкіндік берген. Ал ары қарай желі ұстайтын аумақты кеңейту ұялы байланыс операторларының қолында.

«Бейжің, Шанхай, Сеул сынды алып қалаларда 5G желісі енгізіліп, басқа да жаңа технологияларды енгізу қарастырылуда. Біз үшін де ең маңыздысы – қаланың технологиялық дамуы мен тұрғындар үшін сапалы қызметтер ұсынуға жағдай жасау. Осы орайда бізді ұялы байланыс операторлары қолдап отыр», – деді қалалық Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев.

Ал ғаламторда 5G желісі станция-

сынан тарайтын электромагниттік сәулелер қатерлі ісік пен аутизмді тудырады деген ақпарат тараған. Тіпті, дәл осы мобильді интернет коронавирустың жайылуына ықпал етті деген мәлімет те болды. Бірақ бұл қауесеттерді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жоққа шығарды.

«Біздің компанияға шағымдар келіп түсіп жатады. Жақында «Үйіміздің жанына 5G мұнарасын орнатыпсыздар. Содан бүкіл отбасымызбен ауырып қалдық. Үш балам мен үйдегі қариямыз өзін жайсыз сезініп жатыр» деген хат келді. Кейіннен ол үйде мұнара қойылмаған болып шықты. Тұрғындардың мұндай қате пікіріне әлеуметтік желілердегі жалған ақпарат себеп болған сияқты», – деді ұялы байланыс компаниясының қоғаммен байланыс бөлімінің директоры Евгения Бекболатова.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі өткен аптада екі қалада 5G желісі тестілеуден өтіп жатқанын хабарлаған еді. Бағдат Мусин әлеуметтік желідегі парақшасында сынақтардың жақсы нәтиже көрсеткенін жазды. Айта кетсек, сынақ кезеңі 31 желтоқсанға дейін жалғасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



МИНИСТР



КІМ КІМДІ АЛДАП ЖҮР?

Кеше Мәжілістегі Үкімет сатында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой елімізде коронавирусқа қарсы вакциналау қарқыны қандай екендігіне түсінік берді.

«Министрлік вирустың елге кірген жағдайы мен мутациялық өзгеруіне мониторингті қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде вирустарды генетикалық зерттеу жүргізіліп жатыр», – деді А.Цой. Оның айтуынша, 2020-2021 жылдары 1407 сынама зерттелді. Осының нәтижесінде наурызда «бри-тандық» Alpha штамм, «оңтүстікафрикалық» Beta штамм, маусымда «үнділік» Delta штамм, тамызда «нигериялық» Eta штамм анықталды. SARS-CoV-2 вирусының түрлі нұсқаларының таралуын анықтау мен мониторингілеу жұмыстары жалғасып жатқан көрінеді.

Сондай-ақ, вакциналаудың жалған паспорттарын сатып алуға қарсы қандай тосқауыл қойылып жатқаны туралы айтты.

«Арамызда өз міндетіне адал қарамайтын әріптестеріміз де

бар. Өкінішке қарай, олар өз жұмысын «бизнеске» айналдырады. Біз осы мәселені шешу үшін бірінші болып бастама көтеріп, құқық қорғау органдарынан жедел шара қолдануды өтіндік. Денсаулық сақтау саласында өз ісіне адал емес әріптестерімізді анықтау керек болды. Осыған қатысты 90-нан астам қылмыстық іс қозғалды, оның жартысынан астамы ПТР-тест нәтижелерін қолдан жасауға, ал қалғаны вакциналау паспорттына қатысты. Әрбір пункт жеке-жеке тексеріледі.

Сот шешімі шыққаннан кейін барлық жалған паспорттар базадан өшіріледі. Бірқатар ұйымдарда камералар орнатылды, ішкі қадағалау бар, медициналық ұйымдар өздері де тексеру жүргізеді», – деді А.Цой.

«Адамдар өзін-өзі (жалған паспорт арқылы) алдап жатыр. Денсаулығын қорғамайтын қағазды сатып алғаннан не пайда? Кімді кім алдап жүр?!», – деді министр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#ЕКПЕАЛ

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»



Әсел АСЫЛБЕКҚЫЗЫ, мұғалім:

– Ресейде шығарылған «Спутник V» вакцинасының бірінші компонентін алдым. Ешқандай кері әсерін байқамадым. Вакцинациядан кейін барша жұртты белсенді түрде екпе жасатуға, одан қорықпауға шақырғым келеді. Әсіресе, қазір вирустың жаңа штаммы пайда болған кезде екпе салғызудың маңызы ерекше. Бұл өз денсаулығымыз үшін керек және дүниені дүрліктірген бәлекетті бірлесіп еңсеруге тиіспіз. Сондықтан барша замандастарыма белсенді болайық дегім келеді. Өзіңіз де екпе алып, жаныңыздағы әріптесіңізге де салдырыңыз, сонда ұжымдық иммунитет қалыптасады. Күшіміз артып, бүгінгі қиындықтың бәрін ұмытамыз. Ал екпе алмаса, қауіп-қатер ұлғаяды. Қазір бұл коронавирусқа қарсы вакцинадан басқа қорғаныс жоқ. Сондықтан дер кезінде екпе салдырыңыздар дегім келеді.




Женіскүл БЕРКІМБАЕВА, қала қонағы:

– Мен өзіме, туыстарым мен отбасыма қауіп төндірмес үшін алғашқы мүмкіндікті пайдаланып екпе алдым. Бұл жаһандық індетпен күрестегі ең маңызды қадам деп білемін. Екпе алу – еліміздің әрбір азаматының парызы. Осыдан бір ай бұрын екпенің бірінші компонентін салдырдым. Айтарлықтай кері әсері болмады. Қазіргі таңда өзімді жақсы сезінемін.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

КВИ ДЕРЕК

Екпе алу маңызды



● РЕСЕЙДЕ
ковидтен бір
тәулікте 968 адам
көз жұмды.

● СИНГАПУРДЕ
вакцина салғыз-
бағандар
қоғамдық
орындарға кіре
алмайды.

● МЫСЫРДА
12 жастан асқан
жасөспірімдерді
вакциналау
науқаны баста-
лады.

(3179 төсек-орын) 1565 адам емделіп жатыр. Оның 61-і бала.

Жалпы, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде – 150 пациент жатыр.

Бүгінгі таңда МСАК мен Теле-медицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында 3297 науқас бар. Олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде – 3167, симптомсыз – 130 науқас.

Алматы қаласы бойынша бір тәулік ішінде ковидке қарсы екпенің 1-ші компонентін – 814, 2-ші компонентті 941 адам салдырған. Жалпы, 1 ақпан мен 10 қазан аралығында қала бойынша 1-ші компонентті 968 197 адам, 2-ші компонентті 885 360 адам алған. Вакцина алғандардың 119 290-ы 60 жастан асқан қарт кісілер.

Бүгінгі таңда шаһарда медициналық ұйымдарды, мәдениет, спорт нысандарын, базарлар мен СОСО-ларды қосқанда барлығы 160 вакциналау пункті жұмыс істейді. 237 екпе бригадасында 1028 медицина қызметкері жұмылдырылған.

«ASHYQ»

Жауапқа тартылды



«Ashyq» арқылы 14 күндік үй карантинін бұзған 121 алматылық әкімшілік жауапқа тартылды және (30 АЕК) айыппұл төледі. Бұл туралы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті хабарлады.

COVID-19 үшін ПТР-тесті оң нәтижесін берген алматылықтар қоғамдық орындарға барып, «ASHYQ» бойынша жұмыс іс-

тейтін нысандарда – ХҚКО, мейрамхана, фитнес-орталықтар, әуежай, кинотеатрлар, компьютерлік клубтар, бассейндер, СОО, базарлар, театрлар және тағы басқа нысандардың қызметтерін пайдалануға тырысқан. Еске сала кетсек, «Қызыл» мәртебедегі адамдар «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейтін нысандарға кіргізілмейді. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті амбулаторлық ем алып жатқан азаматтарды өзін-өзі окшаулау режимін бұзбауға және қоғам алдында азаматтық жауапкершілікті ұмытпауға шақырады. Жұқтырғандармен байланыста болған адамдар да өзін-өзі окшаулау режимін сақтауы және басқа адамдардың жұқтыруын болдырмау үшін адамдар жаппай жиналатын орындарға барудан бас тартуы тиіс екен атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БОЛЖАМ

Қара бетперде қауіпті

Сәнді болғанымен, қара түсті бетперде адамға қауіпті болуы мүмкін. Бұл туралы дәрігер Елена Морозова айтты. Ақпаратты glavnoe.net сайты жариялады.

Дәрігердің айтуынша, карантиннің ұзаруына байланысты түрлі-түсті, ерекше бетперделердің саны көбейді. Маман қара түсті бояудың аллергияға екенін алға тартады. Бетперде арзан синтетикадан жасалса, қауіптілігі тіпті артады. Мұның әсерінен дерматоз денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін.

Мақта-матадан тігіліп, сапалы бояғышпен боялса, мұндай бетпердені тағуға болады. Егер өнімнің қандай материалдан жасалғанын білмесеңіз, ақшыл түстегі матадан тігілгенін не болмаса қарапайым медициналық бетпердені таңдаған жөн.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, 2021 жылдың 10 қазанындағы жағдай бойынша мегаполисте бір тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 326 адам тіркелген (жергілікті). Оның 315-і симптомдық белгілері бар, ал 11-і симптомсыз.

Барлық емделіп шығарылғандар – 25, келіп түскені – 99 пациент. Инфекциялық стационарларда

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Ұзақ өмір сүрудің 5 ережесі

Адам баласы ежелден ұзақ өмір сүрудің сырын ашуға, қартаймаудың жолын іздеуге талпынып келеді. Ғалымдардың зерттеуінше, адам 200 жылға дейін өмір сүре алады екен. Деніміз сау, ғұмырымыз ұзақ болу үшін не істеу керек? Осы сұраққа жауап беруге тырысқан ғалымдар ұзақ өмір сүрудің 5 ережесін ұсынады. Ендеше, біле жүрейік.

1. Өмірді сүю

Ең алдымен, адам өз өмірін сүйіп, үнемі жаңа қызығушылықтар тауып, құлшыныспен өмір сүруі керек. Өйткені, ұзақ өмір сүруге талпыныстың өзі адамды мықты және шыдамды етеді.

2. Шығармашылықпен айналысу

Адамның ерекше сүйіп істейтін ісі болғаны абзал. Ең бастысы, адамның хоббиі өзіне қуаныш пен бақыт сыйласа болғаны. Шығармашылықпен айналысатын адамның әркез көңіл күйі көтеріңкі жүреді. Ауланы гүлдендіру, сурет салу немесе өлең жазу секілді өзіне ұнайтын іспен айналысатын адамдар жағымсыз дүниелерге көңіл аударма бермейді.

3. Сергек жүру

Жалқаулық, әрекетсіздік денсаулыққа зиян. Адамның жасы ұлғайған сайын белсенділігі азаяды. Бұл оның мінез-құлқының өзгеруіне әсер етеді. Сондықтан кез келген жаста қозғалысты көбейтіп, үнемі

сергек қимылдау керек. Жас кезіңіздегідей билеңіз, ән айтыңыз, достармен кездесіңіз, саяхаттаңыз. Диванда жатып, телевизор көруді азайтыңыз. Қайта таза ауада серуендеп, жаяу жүріңіз, лифтен бас тартыңыз, баспалдақ арқылы жоғарыға көтеріліңіз.

4. Зиянды әдеттен бас тарту

Салауатты өмір салтын ұстануға тырысу керек. Адам ағзасына алкоголь мен шылымның зиянын бәріміз білеміз. Зиянды әдеттерден тыйылып, жаңа өмір бастауға ешқашан да кеш емес. Қысқа ғана ғұмырды шылым шегіп, маскүнемдікпен, шамадан тыс тамақ жеумен өткізгеннен гөрі өзіңізге пайдалы етіп өткізудің жөні бөлек емес пе?

5. Уақытты жоспарлау

Күнделікті жұмыстардың ішінен пайдасыз істерді алып тастауға дағдыланған жөн. Дәл қазір қандай жұмыстар маған пайда әкеледі? Осы сұрақты өзіңізге үнемі қойып жүріңіз. Бұл әдеттің өзіңізді тәрбиелеуге және уақытты ұтымды пайдалануға пайдасы зор.

Бір күнге, аптаға, айға немесе бір жылға жоспар құрып үйренген дұрыс. Бұл әр минутты құр өткізбеуге көмектеседі. Жоспарлар мен мақсаттарыңызды қойын дәптерге тізіп жазып жүруді әдетке айналдырыңыз.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда»... деп, біздің қатарластарымыз Қасым ақынның әнін айтып өскен ұрпақтар қатарына жатады. Оның өлең-жырларынан от, найзағай, дауыл, әрине, сезім де байқалады. Шығармаларынан да, өз тұлғасынан да сал-серілік, бекзаттық көрініп тұрады. Биыл арқалы ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы аталып өтіп жатыр.

«Қасымның басқалардан десі басым...»



Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК

Ол 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызылорай қыстауында дүниеге келген. Өке-шешеден жастай жетім қалған, біраз жыл ағасының қолында өседі. Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейін, 1924 жылы ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. 1933 жылы міндетті әскер қатарына алынып, оны сол Орал қаласында өтейді.

1936–1941 жылдары Қ.Аманжолов Алматыға барып, «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, Жазушылар одағында қызмет істейді. Бұл кездері ол өлеңмен қатар әртүрлі тақырыпқа мақала, очерк, фельетон жазады.

1939–1941 жылдар арасында Қ.Аманжоловтың шығармашылық елеулі өрлеу дәуірі басталады. Қасым қалың жұртшылыққа өзінің ақындығы, аудармасымен ғана емес, сонымен қоса әнімен, домбыра, сырнай, скрипка, пианино тартатын әдемі өнерімен де танылған. Ол өз өлеңіне ән шығаруды өте қызық көрген. «Дарига», «Туған ел» атты өлеңдері бүгінгі жақсы әндер тізіміне қосылады. Қ.Аманжоловтың бірінші өлеңдер жинағы 1938 жылы «Өмір сыры» деген атпен шықты. 1940 жылы Қасым Маяковскийдің оншақты өлеңін аударып, 1941 жылы «Бар дауыспен» деген атпен жеке жинақ етіп жариялады.

Қ.Аманжолов тек қана лирик емес, сонымен қоса эпик ақын. «Дүние қандай жап-жарық», «Сақыпжамал», «Күйім тасып барады, күйім тасып», «Жаным сәулем, еркешім, қызыл гүлім» атты өлеңдері Қасымның лириктігін танытса, «Ақын өлімі туралы аңыз», «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тойында» атты поэмалары – оның эпиктігінің дәлелі.

Ақын 1941 жылы армия қатарына шақырылады. Сол қарсаңда «Мазасыз музыка», «Қоштасу», «Бейсекештің бес ұлы» секілді әсерлі, сыршыл сезімге толы, лепті өлеңдерін жазады. 1941–1943 жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым 1943 жылы батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін «қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде» болады. Намыскер, өр, қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қиыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстанның қақ жарып өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебіренеті. Соның нәтижесінде «Орал», «Сарыарқа», «Байкал», «Өтіп бара жатырмын» тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді.

Соғыс майданында жүріп Қасым көптеген лирикалық өлең жазған. «Үстімде сұр шинелім», «Мартбек», «Жеңіс дауысы», «Орал», «Ертіс», «Сибирь», «Сарыарқа» сияқты өлеңдері туған жердің сыр-сипатын, сұлулық бейнесін, соғыс өмірін суреттейді. Ал «Елге хат», «Достар қайда жүрсіндер?»,



«Ағайға» деген өлеңдері туған елді, дос жорандарын, ағайын-туыстарын сағынған солдаттың сезім дүниесін жырлайды.

1943 жылғы сұрапыл кезеңде дүниеге келген Қасымның бір ерекше, өлмес туындысы – «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэма. Бұл поэма Қасымның атын аспандатып, ақындық даңқын шырқау шынға шығарған тұлғалы туынды. Бұл поэма Ұлы Отан соғысының майданында жаудың қоршауында қалып қойып, ерлікпен қаза тапқан Қасымның жақын досы, жас ақын А.Жұмағалиев туралы.

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң Қасым майдан өлеңдерін газет-журналдарға көптеп бастырумен қатар, жаңа өлеңдер жазды. Осы кездері оның «Біздің дастан» поэмасы жазылып, өлеңдер жинағы «Дауыл» деген атпен жарық көрді. 1949–1952 жылдары Қ.Аманжоловтың «Балбөбек», «Нұрлы дүние» жинақтары, «Таңдамалы шығармалар» жинағы басылып шықты.

1947 жылдан бастап Қасым сырқаттанып, ара-тұра жатып қалып жүрді. Бірақ қандай ауыр халде жатса да, өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Сырқаты дендеген кездерде Қасым өлеңдерінде өзінің ақындық өмірі туралы жазатын. Бұған дәлел оның

Өзім туралы

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол – Рахымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын.
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде,
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ.
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында

қызыл шок қап.

Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.

Қасым АМАНЖОЛОВ

Алматы

Жақсы екен зой Алматым,
Алтын үйек астанам.
Осы екен зой жаннаттың
Атам қазақ аңсаған.
Келдім сені сағынып,
Алтын ұям – Алматым.
Кең көшеңде басар нық
Мен бір ақын солдаттың.
От пен темір сайысқан
Келдім майдан төрінен.
Жер құшам деп көр құшқан
Жауды жеңіп келдім мен.
Сағынышын солдаттың
Сен сұрама, мен айтпаң.
Кетті шығып бір ұшқын
Кеудемдегі шыңайтпаң.
Күлкі-жасы аралас,
Ақын да бір жас бала.
Тербет өзің, мауқын бас,
Алтын бесік – астана.
Жүрмін жсортпын қызықтап,
Көше қоймай баспаған.
Сыбырлайды жапырақ,
Жалт қарайды тас маған.
Өкпе, назға – манафест,
Жатыр құшып достарым.
Сары алтын күн, думан кеш,
Қанар емес құмарым.
Ән мен күйді сапырған
Сал домбыра – сал ожау;
Сабырлы оймен отырған
Бір қария Алатау.
Неткен сұлу өмір ең!
Қарай берем үңіліп.
Ғажайып бір мейірмен
Келешегің тұр күліп.
Жақсы екен зой Алматым
Алтын тұлға астанам.
Осы екен зой жаннаттың
Атам қазақ аңсаған.

Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Екі көз – екі жұлдыз мандайдағы,
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.
Япырмай, сен де бір күн сөнермісін,
Қап-қара түнек болып маңайдағы.

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,
Бақытын ойламаймын құр басымның.
Тымырсық түнек болсаң –
дұшпаныңмын,
Ақ көңіл адал болсаң – сырласыңмын.

Сондықтан ап кел бері домбырамды,
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді.
Берейін өмірімнен өлең жасап,
Шашайын онды-солды сол мұрамды.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өленімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың!



«Өзім туралы» атты өлеңі. 1954 жылы қыркүйек-қазан айларында Қ.Аманжолов Қазақстан Жазушыларының III съезінің ашылуына қатынасты. Осы жылдың желтоқсан айынан бастап сырқаты меңдей түсті. 1955 жылы 18 қаңтарда Қасым ақын мәңгілікке көз жұмды.

Өмірден ерте кеткенімен, Қасымның мәңгі жасайтын асыл жырлары қалды. Сол жырлары ақын атын өлтірмейді. Бұл күнде халықтың сүйікті ақыны Қ.Аманжоловтың жарқын бейнесі ел жүрегінде. Оның шығармалары орыс және басқа да халықтардың тілдеріне аударылған. Ақынның өлеңдерін қазақшадан орыс тіліне Дмитрий Снегин, Борис Слуцкий, Илья Сельвинский және басқалар аударған. Аманжоловтың үлкен жаңалығы – қалыптасқан қағидаларды жеңу, өлең саласындағы батыл тәжірибе, ол қазақ поэзиясына он буындық өлең жолын енгізді. Ақынның өлеңдері мен поэмалары қазақ әдебиеті бойынша мектеп оқулықтарына енгізілген.

«Қасымның басқалардан десі басым...» деп, Мұқағали ақын айтқандай, кейде бар ақын бір төбе, Қасым Аманжолов өз алдына бір төбе болып көрініп тұрады.

Әлеуметтік желі материалдары бойынша әзірленді.

ӘУЕНДІ ТЕРАПИЯ

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Бүгінгі таңда оның шығармашылық студиясында қарапайым балалармен бірге сөйлеу және есту қабілетінде кемшілігі бар балалар да бар. Сабақ барысында олар достарын таңқалдырып, шабыттандырады екен. Мұғалімнің жұмысында оның көп жылдық тәжірибесі дауысты, тембрді және интонацияны қоюға ғана емес, сонымен қатар, балалардың сөйлеу ақауларын түзетуге де көмектеседі.

– Маған жаңа дүниелерді үйрену әрқашан қызық болатын. Сондықтан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітіргеннен кейін шет елдерге жиі шығып, көптеген жаңа оқыту техникаларын білдім, меңгердім, содан кейін оларды тәжірибеме енгіздім. Атап айтқанда, маған сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналып жасалған американдық әдістеме қатты ұнады, – дейді Лейлә Болатбек.

– Сабақ барысында мен балаларды бөліп-жармаймын, олардан ешқандай айырмашылық көрмеймін, бәрімен бірдей сөйлесемін. Ерекше оқушылармен жұмыс істеу көп энергияны қажет еткенмен, олар зор ықыласпен көп жұмыс істейді, «шаршадым» деп жиі шағымданбайды. Бізде кез келген сабақ тыныс алу жаттығуларынан басталады. Оларсыз ешнәрсе жоқ, өйткені, дұрыс тыныс алу – жұмыстың негізі. Оның арқасында дыбыс көлемді, толық, айқын болады, – деді ұстаз. Сонымен қатар, дұрыс емес тыныс алу кекештенудің басты себебінің бірі болуы мүмкін көрінеді. Онымен көптеген ұстаздар келіседі.

Мұғалім өз оқушыларына дауыс қойып қана қоймай, музыкалық аспаптарда ойнауды үйретеді, еркін болуға көмектеседі. Кейбір оқушылар сабақтан кейін жақсы сөйлей бастайтын көрінеді. Тіпті, байқауларда сәтті өнер көрсетіп, жақындарын таңқалдырып, қуантатындар да бар екен. Мәселен, Лейләнің оқушыларының бірі Дана Мұхамбетиярова бала кезінен есту аппаратын тағуға мәжбүр болған, бүгінде ол фортепианода ойнап, ән айтады.

ӘН – ШИПА

Бәріміз білеміз, ән айту мен әуеннің денсаулыққа пайдасы болмаса, зияны жоқ. Әуендер демалуға, психикалық жағдайды жақсартуға, жақсы көңіл-күй сыйлауға көмектеседі. Сондай-ақ, музыканттар кез келген адамның даусымен бірге өз «ыңылы» болатынына сенімді. Әрі біреудікі біреуге ұқсамайды. Соған сай, ол естіген әуенін өзінше әндетуі мүмкін. Алайда, оны көпшілік біле бермейді және дамытуды ойламайды. Бұл пікірмен вокал оқытушысы Лейлә Болатбек те келіседі.



– Дана – менің тәжірибемдегі есту қабілеті нашар алғашқы оқушыым. Ол 1,5 жасынан бастап естімей қалған. Бақытына орай, ата-анасы оны ерте байқап, қолынан келгенін бәрін жасаған, – дейді мұғалім.

– Бала есту құрылғысын тағады және соның арқасында жақсы ести алады, бірақ мүлде сөйлемейді. Дана өте талантты. Ата-анасы оны маған әкелген кезде оның вокал мен музыкалық аспаптың қайсысын білгісі келді. Ол әнді таңдады, – деді ұстаз.

Ол Данаға дирижер болып, ноталардың қайсысы төмен, қайсысы жоғары екенін көрсетіп, үйретеді. Соңында ол біртіндеп ән айтуды үйренеді.

– Алғашында, Дана жұмыс барысында интонацияны білмеді, бірақ әр сабақ сайын ол жақсара түсті. Содан оның фортепианода ойнауға қызығатынын байқадым да, «неге көрмеске?» деп, біртіндеп үйрете бастадым. Оған ноталарды естігеннен көріп қабылдаған оңайырақ болды. Нәтижесінде, бүгінде Дана фортепианода ойнайды және ән айтады. Мүмкін, даусы қатты емес болар, бірақ таза, – деп оқушысының жетістігімен бөлісті.

Лейлә Болатбектің шәкірттерінің арасында әртүрлі жастағы адамдар бар. Ең жасы – Алуа Алдоңғарова. Сүйкімді сәби небәрі 3,5 жаста. Қыз сөйлегенде кекештенеді, бірақ музыка сөйлеудегі кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

– Алуаның кекештігі ән салған секілді естіледі. Бұл оның ерекшелігі, – дейді педагог.

– Дегенмен, сабақтан кейін ол әлдеқайда жақсы сөйлей бастаған. Оны Алуаның әжесі растап отыр. Мен үшін оқушыларымның жетістігін көргеннен артық қуаныш жоқ, – деді ол.

Мұнда көптеген зейнеткерлер коронавирустан кейін өкпенің жұмысын қалыпқа келтіру үшін де келетін көрінеді.

– Егер адамның ән айтуды шын жүректен үйренгісі келетінін көрсем, мен бас тартпаймын. Ерекше балалармен жұмыс істеу маған қуат береді, өйткені оларда бәрі шынайы. Олар көбірек білгісі келеді, құрдастарынан қалғысы келмейді, – деді ұстаз.

Болашақта ол ерекше балаларға арнап топ ашуды жоспарлап отыр.

ФЕСТИВАЛЬ

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жақында Алматыда дәстүрлі кітап фестивалі ұйымдастырылды. Бұл жолғы жәрмеңкеден құр қалмау үшін мен де көпшілікпен ілесіп, сауда орталығына жол тарттым.

Гимараттың бірінші қабатында әр баспаның сатушылары өз кітаптарын оқырмандарға ұсынып, қысқаша мазмұнымен таныстырып жатты. Байқағаным, кітапқұмарлардың көбісінің қолында кемінде 1-2 кітаптан. Бірі жаңа шығармаларды іздесе, енді бірі көне кітаптарды сұрауда. Жан-жағымдағы кітаптарға қызыға қарап тұрып, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жібекіне» көзім түсті. «Қаламызда жыл сайын білімді арттыратын жобалар ұйымдастырылса қандай жақсы. Барша тұрғындардың кітапқа деген қызушылығы оянып, бағалы сыйлықтарды ұтып алар еді. Өзің де білесің, қазіргінің жастары пайдалы дүниелерге құмар. Көп нәрсеге тез қол жеткенін, қолындағы дүниелері әлеу желіде танымал болғанын қалайды», – дейді сатушы апай.

Жәрмеңкенің ар жағында да қызықты дүниелер бар секілді. Әлеуметтік желіден баршамызға танылған шығармалар да көздің жауын алып барады, әрқайсынына ұзақ тоқталудан ұялып, сырттай шолып шықтым.



КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ



Дизайны, құрылымы, сапасы жоғары кітаптар бүлдіршіндердің дұрыс сөйлеп, жақсы ойлауына, көңіл күйін басқаруына септігін тигізетіні анық. Айта берсек, фестивальдің қызығы көп, сырттан бір қарағанда, қарапайым жәрмеңкедей көрінгенмен, іші қайнаған қазыналы білімге толы. Тіпті, ойымыз ұштасатын, кітапқа деген құштарлығы ерекше жандарды да кездестіретін мекен болды десем, артық айтпағаным болар.

ЖАҢА КІТАП

Сағыныш тұнған сырлы наз



«Бар дүние сағынышпен сыңсып тұрғандай. Күздің жылы желі сарғайған жапырақтарды асфальт бетімен біресе анда, біресе мұнда жинайды... Дүние-зейнім әлдебір алыста қалған сезім әуенін еске түсіре алмай әуре еді. Лажсыздық. Қол жетпестік... Тағы қалай айтуға болады? Жыл мезгілі – адам арманы. Келеді – кетеді, сағым болып алыстай береді...».

Жазушы дәл қазіргі сәтті суреттеп тұрғандай әсер қалдырады екен, ә? Жалғасы сізді де қызықтырып қойды ма?

Оқып отырған дүниенің көз алдына еріксіз әкелетін бұл кітаптың «Бәрінен де сұлу» деп аталады. Авторы – Орынбасар Исахов. Аталмыш кітапқа автордың әр жылдары жазған әңгімелері, пьесалары, өлеңдері мен аудармалары енген.

Кітапқа енген шығармалардың негізгі кейіпкерлері жастар және олардың қоғам өміріндегі іс-әрекеттері, жан-дүние толғаныстары, нәзік махаббат сезімдері суреттеледі.

Республикалық баспасөз беттерінде автордың мәдениет, өнер мәселелері туралы мақалалары, әңгімелері, аудармалары, облыстық театрларда пьесалары, көркемөнерпаздар үйірмелерінде сахналық миниатюралары қойылып жүр. «Қожана-сыр жолымен», «Қарабастауға саяхат», «Әуесқой актердің алғашқы қадамы» атты кітаптары жарық көрген.

Жаңа кітаппен таныстырған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЖАҢАЛЫҚТАР

Франция – чемпион!

Франция құрамасы футболдан Ұлттар лигасының жеңімпазы атанды. Дидье Дешам шәкірттері финалда Испанияны **2:1 есебімен** жеңді. **ІІІ орын** үшін кездесуде Италия Бельгиядан басым түсті (**2:1**). Франция әлем чемпионатын, Еуропа чемпионатын және Ұлттар лигасын жеңіп алған әзірше алғашқы команда болып отыр. Ал Дешам ойыншы және бапкер ретінде Франция құрамасымен бірге төртінші атағын жеңіп алды.

Молдова құрамасымен кездеседі

Қазақстан құрамасының алдағы Ұлттар лигасында қай топта ойнайтыны әлі шешілген жоқ. Естеріңізде болса, отандастарымыз **С4 тобында** Беларусь, Албания, Литва құрамаларымен ойнап, соңғы орында қалған болатын. 2022 жылдың көктемінде отандастарымыз тағы бір топтың аутсайдері Молдова құрамасымен екі рет кездесіп, **С тобындағы** орнын сақтауға тырысады.

«Астананың» атауы өзгереді

Astana-Premier Tech кәсіпқой велокомандасы 2022 жылғы маусымда атауын **Astana Qazaqstan Team** деп өзгерттеді. «Qazaqstan – ағылшын тіліндегі транскрипциясында Қазақстанның ең дәл және дұрыс атауы. Qazaqstan – қазіргі әлемдегі елдің ежелгі дәстүрлерін, тілін, мәдениетін және даму стратегиясын біріктіретін халықаралық аренадағы мемлекеттің жаңа



брендi», – деп түсіндірілген жазбада. Канаданың **Premier Tech** компаниясы команданы қаржыландырудан жаңа маусымда бас тартатынын бұған дейін мәлімдеген еді. Енді «Астана» түгелдей Қазақстан үкіметі қанатының астында болады. Ұжымның бас менеджері қызметіне Александр Винокуров қайта кірісті. Командада 2012–2016 жылдары өнер көрсеткен Винченцо Ниабли (Италия) қайта оралуы мүмкін.

«Алтай» – Азияда үздік

Өскеменнің «Алтай» волейбол командасы клубтар арасындағы Азия чемпионатында жеңімпаз атанды. Финалда қазақстандық команда Тайпейдің «Нахон Радчасима» клубына қарсы ойнап, **3:0 есебімен** жеңіске жетті. Турнир Таиландтың Накхонратчасима қаласында өткен болатын.

Жолдамадан қағылды

Хоккейден Қазақстан әйелдер құрамасы шешуші кездесуде Италиядан **1:2 есебімен** жеңіліп, Бейжің олимпиадасының жолдамасынан қағылды. Отандастарымыз бірінші есеп ашқанымен (Лариса Свиридова), Франциска Штокер мен Анна Кауמוның голдарына қарымта қайтара алмады.

Олимпиадаға кім барады?

Шорт-тректен Қазақстан құрамасы сапында жаңа маусымда өнер көрсететін спортшылар құрамы белгілі болды, деп хабарлайды Olympic.kz. Олимпиада жолдамасы сарапқа салынатын биылғы әлем кубогы кезеңдеріне ұлттық құрама сапынан **12 спортшы** қатысады. Жаңа маусымда жарыс жолына шығатын ерлер тізімі келесідей: Денис Никиша, Абзал Әжіғалиев, Әділ Ғалиахметов, Нұртілек Кажығали, Еркебұлан Шамұханов, Мерсаид Жақсыбеков. Ал әйелдер сапында іріктеу жарыстарына Әлия Әмірғалиева, Әсел Тайшыманова, Ольга Тихонова, Алена Волковицкая, Мәдина Жанбосынова, Яна Хан қатысады. 2021-2022 жылғы маусымның әлем кубогі **21–24 қазан** күндері Бейжіңде басталады.

45 млн. доллар алады

Аса ауыр салмақта WBC нұсқасы бойынша әлем чемпионы Тайсон Фьюри таяудағы кездесуі үшін кем дегенде **45 миллион доллар** алады. Лас-Вегаста өткен жекпе-жекте ол америкалық Деонтей Уайлдерді **11 раундта** нокаутпен жеңген еді. Ал Уайлдердің табысы – **25 млн.**

КҮРЕС



Қос жүлде – көңілге медеу

Норвегия астанасы Осло қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты аяқталды. Токио олимпиадасының ізін ала өткізілген соң бұл додаға назар тіккен жанкүйер аз болған жоқ. Командалық есепте Иран балуандары топ жарды. Олар 7 алтын, 3 күміс, 3 қола жүлде, жиыны 13 медаль ұтып алды. Екінші орындағы АҚШ құрамасында 15 медаль бар, бірақ олар 5 салмақ дәрежесінде топ жарды. Жапон балуандары үшінші сатыға жайғасты: Күншығыс елінің өкілдері 5 алтын, 3 күміс, 4 қола жүлде жеңіп алды.

Қазақстан құрамасы бұл жолы бір күміс, бір қоламен қайтты. Өрине, көңіліміз көншіген жоқ.

Еркін күрестен ерлер құрамасының нәтижесін бұған дейін хабарлаған болатынбыз. Мұнда жеңіл салмақтағы балуандардың ешқайсысы алғашқы қарсылас тартынан өте алған жоқ. Азамат Дәулетбеков (**86 келі**) және Олег Болтин (**125 келі**) қола жүлде үшін күресуге мүмкіндік алып, жүлдені уыстан шығарып алды. 2019 жыл-

мен салыстырғанда, еркін күрес балуандарының көрсеткіші жоққа тән. Нұр-Сұлтанда өткен әлемдік додада Дәулет Ниязбеков (**65 келі**) және Нұрқожа Қайпанов (**70 келі**) – күміс, Нұрислам Санаев (**57 келі**) және Данияр Қайсанов (**74 келі**) қола жүлде иеленген еді.

Әйелдер күресінен Осло төрінен бір күміс олжалап қайттық. **72 келіде** күрескен Жәмила Бакбергенова Синтия Вескан (Франция, 10:10), Бусе Тосун (Түркия, 13:2) сияқты қарсыластарын еңсеріп, финалда ежелгі қарсыласы Масако Фуруичимен (Жапония) кездесті. Бұл екі қарсылас 2019 жылы Нұр-Сұлтанда өткен әлем чемпионатында қола медальға таласып, жапон балуанының бағы жанған еді. Бұл жолы да Фуруичи отандасымызды алтыннан қақты. Аса тартысты белдесуде Фуручи Бакбергеновадан **3:0 есебімен** бақ асырды.

Әйелдер арасында Диана Қауымованың (**59 келі**), Айна Теміртасованың (**65 келі**) және Нилуфар Райымованың (**57 келі**) қола жүлдеге таласатын мүмкіндігі болып еді. Алайда, үш балуанымыз да жұбаныш белдесулерінде

қарсыластарынан айла асыра алмады.

Грек-рим күресінен ардагер балуан Алмат Кебісбаев қана жүлдеге ілінді. Ол алдымен белоруссиялық Максим Негоданы таза жеңіп, екінші белдесуде кілем иесі Мортен Торсеннен **9:6 есебімен** басым түсті. Жартылай финалда ресейлік Нәзір Абдуллаев Кебісбаевтан **5 ұпай** артық жинады (**5:10**). Дегенмен, медаль алуға берілетін соңғы мүмкіндікті Алматы сәтті пайдаланды. ІІІ орын үшін белдесуде ол түрік балуаны Мұрат Фыратты **7:4 есебімен** қапы қалдырды. Бұл – Кебісбаевтың әлем чемпионаттарында жеңіп алған бесінші медалі. Өкінішке қарай, Алматы әлем чемпионы атана алған жоқ. 2010, 2015 және 2019 жылдары ол қола жүлде тағынса, 2011 жылы Стамбулда күміс иеленген еді.

Осло төрінде басқа «классик» балуандарымыз қуанта алған жоқ. **55 келідегі** Қорлан Жақанша, **77 келідегі** Темірлан Шадукаев, **63 келідегі** Сұлтан Әсетұлы жұбаныш белдесулерінде жеңіліп, қола жүлдеден үміт үзді.

ФУТБОЛ

Шабуылдау қорқынышы

Қазақстан – Босния және Герцеговина – **0:2** (Превляк, 25, 66). 2022 жылғы әлем чемпионатына іріктеу. D тобы. 7 тур.

Қазақстан құрамасы топта екінші орын алуға мүмкіндік беретін ойында еш қуанта алған жоқ. Бас бапкер Талғат Байсуфинов мойындағандай, бұл күні отандастарымыз шабуылдаудан қорыққан күй танытты. Шын мәнінде, аса маңызды кездесу еді бұл. Өткен турларда сырт алаңда өте тәуір ойнап келген соң қазақстандық жанкүйер көңіліне «екінші орынға шығуға үміт бар» деген ұрлық ой келген еді. Бірақ араға бір ай салып, Қазақстан құрамасы осы үмітті өз қолымен жерлегендей болды.

Түрлі себептерге байланысты Байсуфинов бұл матчта А.Нұрғалиев, А.Тағыберген, В.Васильев, А.Әйімбетов, А.Шушеначев, Р.Валиуллин, А.Марочкин сияқты ойыншыларды құрамға қоса алмады. Барлық шепте өзгеріс болды. Қорғаныстың сол қапталына Д.Шомко оралса, орталық алаң толық дерлік қайта жасақталды. Бұрынғылардан Г.Жуков пен И.Куат қана қалып, олармен бірге Я.Вороговский мен Б.Зайнутдинов ойнады. Шабуылда А.Щеткин жалғыз жүрді.

Бір ай бұрынғыдай емес, босниялықтар ойын бастала сала біздің футболшыларға да еркіндік



бергендей көрінді. Әдетте, қарсыластың толассыз шабуылына төтеп беріп, содан кейін еркінсі бастайтын Қазақстан құрамасы не істерін білмей қалған сияқты. Бас бапкер айтпақшы, әзірге біздің санамызда «шабуылдап ойнау» деген файл жоқ. Нәтижесінде, **25 минутта** оң қанаттағы Быстров та, Превлякті жабуға тиіс орталық қорғаушы Логвиненко да, қақпашы Полатилов те қателесті – **0:1**. Бұдан кейін де отандастарымыз өрнекті ойын көрсете алған жоқ. Екінші таймда бапкер алаңға негізінен шабуылдаушы ойыншыларды шығарғанмен, бұл кеште Қазақстан құрамасы қарсылас қақпасына допты бір рет қана тура тепті.

Енді топта екінші орын алуға

Украина және Босния құрамаларының мүмкіндігі артты. Украиналықтар осы турда сырт алаңда Финляндияны **2:1 есебімен** қапы қалдырды. Ертен Украина мен Босния Киевте кездеседі. Ал Қазақстан Финляндияны қабылдайды. Бұл ойында бізге жеңіс керек екені анық.

Қазақстан құрамасы ресми кездесулерде жеңіске жетпегеніне **11 ойын** болды (4 тең ойын, 7 жеңіліс). Келесі айда әлем чемпионы Франция құрамасына қонаққа барамыз. Соған дейін Финляндияны сүріндірсек те аз олжа болмас еді.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛЖАҚ.

СПОРТ

«БУРЕВЕСТИК» АЛДА КЕЛЕДІ



Динара
МҰРАТ

Дүйсенбіде алматылық «Буревестник» волейбол клубы құрлықтық біріншіліктің топтық кезеңінде екінші жеңіске жетті және А тобында бірінші-екінші орынды Ираннан келген қарсыластарымен бөлісуде.

Алайда, ирандықтар өздерінің топтарындағы барлық кездесулерді өткізді, ал екінші орынға түсіп қалған «Буревестник» қанжығасында тағы бір ойын бар. Алматылық команда сейсенбі күні жартылай финалға өтпей қалған кувейттік волейболшыларға қарсы шығады. Егер біздің спортшылар «Kazma Sport Club» командасын кез келген есеппен жеңсе, плей-оффқа біріншілер қатарында шығады.

Ерлер арасындағы кезекті 21-ші клубтық Азия чемпионаты Таиландта, Нахонратчасима қаласында өтеді: екі топқа бөлінген он команда 8 қазаннан бастап жартылай финалға екі жолдама алады. Азияның клубтық чемпионы атағынан басқа, бұл ұжымдар 2021 жылғы 15–19 желтоқсан аралығында Анкарада (Түркия) өтетін халықаралық волейбол федерациясының (FIVB) қамқорлығымен клубтық ерлер әлем чемпионатына бір жолдамаға күресіп бағуда.



Өткен аптада сол Нахонратчасимада аяқталған клубтық әлем чемпионатында әйелдер арасында бұл жолдама өскемендік «Алтайға» бұйырды. Ерлер арасындағы күресте Қазақстанның қазіргі чемпионы, Алматыдан келген «Буревестниктің» алғашқы қадамы сәтті болмай, жұма күні Иранның «South Gas Club» клубынан 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

Есесіне келесі екі кездесуде біздің жігіттер жеңіске жетіп, өз жанкүйерлерін қуантты. Атап айтсақ, екінші турда жергілікті «Нахон Радчасиманы» ойсырата ұтты – 3:0. Кеше Шри-Ланканың «СЕБ» клубын сан соқтырдық – 3:0. Қазіргі кезде алматылық волейболшылар жарыс кестесінде көш бастап тұр.

Келесі топта Иранның «Сиржан Фоулад», Катардың «Әл-Араби Спортс Клуб», Филиппиннің «Ребиско», Өзбекстанның «АГМК» және Тайландтың «Даймонд Фуд» клубтары күш сынасауда.

ӨНЕГЕ

Өзін жоғалтқан жоқ...



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Бір аяғының жоқтығына қарамастан, өзінің спорттық жетістіктерімен көпшілікті таң қалдырған 53 жастағы алматылық көпке ұлгі. Бақтыгүл Әлімбекова 15 жасында аяғынан айырылды, бірақ бұл жағдай қайсар қызды тоқтата алмады. Алматылық ару жыл сайын спорттық жаңа жетістіктерге қол жеткізіп отырады.



Бақтыгүл бүгінде халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарда ел намысын қорғап жүр, әрі толыққанды өмір сүреді, сонысымен адамдарды шабыттандырады. Ол үстел теннисінен спорт шебері, парабиден Қазақстан чемпионатының жүлдегері, «Алматы марафоны» және скандинавиялық жүріс бойынша экстремалды атлетикаға үнемі қатысады.

– Мен бір аяғымды жоғалттым, бірақ мен өзімді жоғалтпадым! – дейді спортшы. 47 жасында Бақтыгүл жүзуді үйренді, ал екі жыл бұрын Босфордан жүзіп өтіп, ұзындығы 6,5 шақырымды 1 сағат 27 минутта бағындырды. Енді параспортшы ашық суда жүзу бойынша эстафеталарға үнемі қатысып келеді. Ол өзінің жасына қарамастан, жеңіл жүретінін және спорттық жарыстарға, эстафеталарға, жүгіруге және жүзуге арқашан дайын екенін мойындайды.

– Егер мен мұны бір аяқсыз жасай алсам, онда оны кез келген адам жасай алады. Менің жетістіктерімді көрген адамдар «оның қолынан келді, демек, мен де істей аламын» дейді, – деді Бақтыгүл.

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ



Әсел
ДАҒЖАН

Бір қызды білемін. Бәлкім, сырт көзге өте кірпияз болып көрінетін шығар. Егер ол супермаркетке барса, әрбір тағамның сыртқы қорабын мұқият оқып, құрамын қарап алады. Тұрмыстық заттарды да қалай бар, дәл солай алып себетке сала салмайды. Сабын мен сусабынның да химиялық құрамын оқиды. Косметиканың өзін микроскоптық тексеруден өткізіп алғанын көргенде таңғаласыз.

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Тағам құрамына мән беру көп кілттипанның алдын аларын ескерген жөн

Барлық нәрсенің құрамын осылай қарап жүруге де мықты жүйке керек шығар деп таңғалғанымды жасыра алмадым. «Тамақ болса, болды» деп не болса соны жей беруге болмайды деген ол мұсылман баласы аузына алған әрбір асқа, қолданатын затына мұқият болу керек дейді. Себебі, бүгінгі сөредегі дайын өнімдердің бәрі ұзақ уақыт бұзылмай сақталуы үшін оған небір химиялық заттар қосылады. Оның құрамында доңыздың еті не майы болуы әбден мүмкін. Осыдан келіп халал ас, харам ас деген шығады.

«Халал» – араб сөзі. Қазақшаға аударсақ, «рұқсат етілген» дегенді білдіреді. Халал стандарт дегеніміз – тек ішіп-жеу, тамақпен ғана шек-

телмейді. Ол – үлкен индустрия. Оның ішінде, халал косметика, халал БАД, туризм секілді болып бөлінеді. Мал «бісмілләмен» сойылған ба, «Аллаху акбар» деп айтылған ба, ол өте маңызды. Етті базардан ала салу несімен қауіпті десеңіз, базарда доңыздың шұжығы не еті де сатылып жатады. Солармен араласып кету қаупі жоғары. Немесе сатушы доңыздың етін кескен пышақпен сіз алайын деп тұрған етті кесіп беруі әбден мүмкін. Күніне екі мезгіл ыстық тамақ ішіп, ет асып жегенді жақсы көретін қазақтар үшін еттің адалынан болғаны маңызды дер едік. Мамандар «адал ас пайдалы әрі болашақ ұрпақтың денінің саулығына да кепіл» дейді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қаладағы ең ірі супермаркеттер желісімен Халал Даму басшылығы арасында арнайы келісімшарт жасалды. Енді онда халал шұжық өнімдеріне арнайы орын белгіленіп, халал емес шұжық екеуінің арасы бөлініп қойылатын болды. Халал етті таситын арнайы арба да бөлінеді. Бұл – екі түрлі шұжық араласып кетпеуі үшін жасалып жатқан сақтық шаралары.

Халал Даму – ҚМДБ-ның Шариғат нормаларымен Халал стандарт және тәртіп бойынша стандарттау және сертификаттаумен айналысатын орган. Ол 2014 жылы 8 қазанда ҚМДБ-ның жанынан құрылған болатын.

Инстаграм әлеуметтік желісінен «Халал даму» деген парақшаға кірсеңіз, халал стандартқа сай өнімдерді қайдан алуға болатынын көре аласыз. Мұнда Е қоспалары жайлы арнайы мәліметті де таба аласыздар. Биыл Алматыдағы 20-дан астам кәсіпорын Халал сертификатын алған.

КӨРМЕ

ҚОҚЫСТЫҢ ЕКІНШІ ӨМІРІ



Айкерім
НӘДІБЕКОВА

Республика сарайының фойесінде «Заттар өмірі» атты уақытша көрме ашылды. Экспозицияның ерекшелігі – барлық экспонаттар ерекше материалдардан жасалған.

– «Заттар өмірі» соңғы 30 жыл ішінде жасалған суретшілердің туындыларын қамтиды. Бір қызығы, олар өз жұмыстарында өнер үшін ерекше материалдарды пайдаланады – целлофан, пластик, қайта өңделген резеңке, дәрі-дәрмектерден босаған қалталар, ойыншықтар және басқалар. Бәрі қоқыстан алынса да көрме экспонаттарының әрқайсысы өз алдына дәуірінің қыр-сырын жеткізетін философиялық шығарма секілді, – дейді көрме кураторы Владислав Слудский.

Суретші Сәуле Сүлейменова пластик пакеттерден Абай отбасының портретін жасады. Бүгінге күнге ұлы ақын әулетінің тек екі түпнұсқа фотосуреті жеткен, олардың біреуін автор ерекше нұсқада қайта жасаған.

– Қоршаған ортаға тасталған пластикалық пакеттер өте ұзақ уақыт сақталады. Пакеттерден жасалынған жақын адамдардың портреті, оларды ұзақ есте сақтау керек, ұмытпау қажет дегенді білдіреді, – деп түсіндіреді автор.

МАМАН
КЕҢЕСІ

Маратхан ШАДАЕВ,
Алматы қаласы бойынша
ҚМДБ-ның Халал Даму ЖШС-
ның жауапты өкілі:

– Кармин Е120 коспасын көп тамақтың құрамына, кондитер өнімдеріне қызыл түс беру үшін қосады. Ол харам болып есептеледі. Желатин Е141, глутамат натрий Е621, сондай-ақ, тамақтың құрамына этильді, алкогольді спирт қосылса, оны да жеуге болмайды. Энергетикалық сусындарға құмар жастарымыз бар. Ол да, негізі, ағзаға өте зиян. Сүт бұзылмас үшін оған да қоспалар қосылады. Сол үшін шамамыз келгенше қолдың сүтін қолданған жақсы. «Сүт өнімдері» деген жазу болса, оны алмаған дұрыс. Егер қораптың сыртында «Сүт» деген жазу ғана болса және оның сақталу мерзімі қысқа болса, міне, сол сүтті тұтынған жөн. Жұмыртқаның сыртындағы «халал» деген мөрге қарап, «жұмыртқа да халал болуы керек пе» деген сұрақ қойылып жатады. Біз құс фабрикасына «халал» деген сертификат берер кезде ондағы құстардың қандай жем жейтініне мән береміз. Себебі, кейбір фабрикалар өлген құсты өртеп, оның сүйегінің ұнтағын жем қылып береді. Ол шариятта тыйым салынған. Ол құстың жұмыртқасын жеуге болмайды. Түскі ас уақыты кезінде ҚМДБ деген мөрі бар асхана, кафелерден тамақтанған абзал. Ішкен-жегеніміздің бәрінің адал болуы өзіміздің денсаулығымыз үшін ғана емес, ұрпағымыздың саулығына да әсер етеді. Адал ас адамның дұғасының қабыл болуына да себепші болады. Халал асқа көшер кезде харам астан бас тартуымыз қажет. Қазір тамақтың құрамын оқитын болсаңыз көбінде Е қоспалары көп. Оның ішінде Е120 кармин коспасы бар. Ол жәндіктің қанынан алынады. Қан арам болып есептелетіндіктен, бұл қоспа бар тамақты жеуге болмайды.

Сіз білесіз бе?

Орташа алғанда қазіргі заманның адамдары күніне шамамен 1,5 сағатын тамақ ішуге жұмсайды. Бұл дегеніміз – өмір сүру ұзақтығы 70 жыл болса, онда шамамен 4,5 жыл уақыт тамақ ішуге кетеді деген сөз! Оған қоса, әрдайым отбасыңмен не жүрегіңе жақын адамдармен бірге тамақтана да бермейміз. Көбіне біз дұрыс емес және сапасыз тағамдарды жейміз.

Суретші Молдақұл Нарымбетов пайдаланылған көлік дөңгелегі сияқты күрделі және уығты материалдармен көп жұмыс істеді. Бұл арзан материал қола мен мәрмәр сияқты канондық заттарға қарама-қарсы тұрып, мүсінді қайта жасайды. Көрмеге ол дөңгелектерден жасалған көлемді балбалды ұсынды.

– Балбалдардың тарихы көшпенділердің өмірімен тығыз байланысты. Сол уақытта оларды қабір басына белгі ретінде орнататын болған. Бір жағынан, олар көшпенді халыққа жол көрсететін белгі секілді қызмет еткен екен, – деді көрме кураторы.

Арыстанбек Шалбаевтың «Крестер мен нөлдер» туындысы балалар ойынын көрсетеді, тек мұнда алқаптар мұнай баррельдерімен қапталған. Бір жағынан, суретші балама энергия көздерінің дамуын алдын ала елестетеді, екінші жағынан, экономика идеясын тактикалық ойын ретінде қарастырады. Мұнда бір ойыншының шешімі нарықтағы барлық кейінгі шешімдерге сөзсіз әсер етеді.

«Заттар өмірі» көрмесінде Саид Атабеков, Алпамыс Батыр, Қуаныш Базарғалиев, Виолетта Богданова, Елена және Виктор Воробьевтар, Катя Кан, Георгий Трякин Бухаров, Алексей Шиндин, Зоя Фалькова және басқа суретшілердің 30-дан астам жұмыстары көрермен назарына ұсынылды.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Білім – ғылым – инновация»

әлемдік мәдениет тоғысқан білім ордасының
басты ұстанымы болмақ

«Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Ең алдымен, жетекші ғылымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек. Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн», – деп, Президент Жолдауында айтылғандай, қазір ғылым-білім саласына ерекше мән беріліп келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы». Тәуелсіздік дәуірі – қазақ елінің мәңгілік қозғалысының, үздіксіз даму үдерісінің айтулы кезеңі болғаны сияқты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің сонау Кеңес дәуірінде, 1941 жылдан бастау алған білім беру процесі Қазақстан Республикасының даму стратегиясы және жоғары кәсіби білім беру жүйесін модернизациялау саясаты және халықаралық парадигма аясында жүргізіліп келеді.

Университеттің еліміздің білім беру кеңістігіндегі алатын орны мен атқарған рөлі оның бүгінгі 80 жылдық тарихымен-ақ анықталмақ. Ахмет Байтұрсынұлы: «Адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен көрінеді», – деп айтқандай, кешегі және бүгінгі университет басшыларының тактикалық мақсаты – бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау; оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестіндіре отырып, білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру; адам капиталын дамыту; интеллектуалды ұлтты қалыптастыру болса, оның өзі түптеп келгенде, қазақтың білім беру мәдениетін әлемдік өркениет мәдениетімен тоғыстыру болатыны айыр.

Осы ретте университеттің басты ұстанымы – «Білім – ғылым – инновация» үштігі саясатын жүзеге асыру болса, оның стратегиялық даму бағыты: инновациялық бағыттағы халықаралық бейімдік типтегі уни-

верситет болмақ. Университеттің атқаратын рөлін мыналардан көруге болады. Біріншіден, ҚР көпвекторлы халықаралық саясатын жүзеге асыру үшін бәсекеге қабілетті жоғары сапалы мамандарды дайындаудан, екіншіден, аймақтық және халықаралық білім беру кеңістігін бірегей интеграцияландырудағы қомақты үлесінен, үшіншіден, «Ғылым – білім – инновация» синхрондық парадигманы жүзеге асыруда және ондағы корпоративтік зерттеу моделін қалыптастырудағы зор рөлінен, төртіншіден, мемлекеттің «үштұғырлы тіл» бағдарламасын іске асырылуына тікелей атсалысудан, бесіншіден, еліміздегі шет ел тілдерінде білім берудегі Республикалық әдістемелік кешен (РӨК) орталығы ретіндегі қызметінен көруге болады.

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті – бүгінде материалдық, ғылыми-әдістемелік базасы нығайған, шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастық байланысы жүйелі орныққан, шет тілін мықты игерген кадрларды даярлау мен студент жастарды тәрбиелеуге барлық мүмкіндігі бар бірегей жоғары оқу орны. Ал оның ректоры С.С.Құнанбаева – тек білікті де талапкер басшы ғана емес, бүтіндей бір Орталық Азиядағы бетке ұстар ірі лингвист-ғалым ретінде танымал адамның бірі.

Университет 32 елдің 140 жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыс орнатты. Ғылыми зерттеу саласында халықаралық корпоративтік зерттеу желі жүйесін қалыптастырды: Қолданбалы саясаттану

бойынша халықаралық зерттеу орталығы; Шетелдік субъектілермен бірлескен туристік мамандарды дайындаудың халықаралық кластері; Ұлыбританияның Тиссайд университетімен бірлескен медиаиндустрия бойынша журналистерді дайындаудағы оқу орталығы; Корейтану орталығы; РУДЕН-мен бірлескен орыс тілі орталығы; Британдық Кеңесі жанындағы Кембридж сертификациялау бағдарламасының іске қосылуы; университет базасында Конфуций институтының ашылуы; оқу бағдарламаларды аймақтық әрі халықаралық деңгейдегі координациялау үдерісі іске қосылып, академиялық мобильділік, өзара эквиваленттік принцип бойынша «қос диплом» бағдарламасы іске асырылуында маңызды рөл атқаруда.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Басқадан кем болмас үшін білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Күшті болуға – бірлік керек», – десе, Әліхан Бөкейханов: «Бізге бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт – жолына түсті дей бер. Бірліктен айрылған ел қаңғып қалады», – деп айтқан екен. Міне, осыдан-ақ бірлік феноменінің қаниалықты құдіретті екенін аңғаруға болады. Мұның өзі Әліхан Бөкейхановтың сөзімен айтқанда: «Өзгандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек», – дегенді білдірсе керек.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін еліміздің «көптілдік» стратегиясын іске асыру ордасының бірегейі деп айта аламыз. Осы позициядан келгенде біздің университетіміздің бұл бағытта атқарған қызметі зор. Тіл – әр тұлғаның мәдени трансформациялану алаңы болатынын университет басшылыққа алады.

Екіншіден, университет елімізде «үштұғырлы тіл» саясатының өзектілігіне негіз болатын фактордың бірі – бүгінгі әлемдік жаһандану мен интеграция үдерісі болғанын мойындайды. Қазіргі біз өмір сүріп отырған жаһандану заманы көп тілде сөйлейтін адамдар дәуірі, қоғамдық даму заңдылығы деп біледі. Демек, университет көптілді білім беру арқылы адамның қоғамдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында қызмет етеді. Университеттің негізгі мақсаты – Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары интеллектуалды мемлекет ретінде таныту. Дамыған өркениетті 30 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған ел саясаты, шын мәнінде, елдің ертеңі үшін керек іс болатынын университет назардан тыс қалдырмақ емес.

Дәулетбек РАЕВ,
философия ғылымының
докторы, профессор.



Бас жүлде – бізде

Рая
ЕСКЕНДІР

ҚР Білім және ғылым министрілігінің республикалық «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығы «Мектепке дейінгі мекеменің үздік әдіскері» атты дәстүрлі байқауын өткізген еді.

Аталмыш байқауды ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай сайыстар қатысушының кәсіби және ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілік деңгейін арттырып, шығармашылықпен жұмыс істейтін, талантты әдіскерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, байқауға қатысушы әрбір әдіскер заманауи білім беру жүйесіне сәйкес өзінің

кәсіби имиджін қалыптастырады. Өткізіліп отырған байқауға ережеге сай барлық кезеңнен өткен 14 өңірдің үміткерлері қатысқан еді.

Бас жүлдені Алматы қаласының Алатау ауданындағы №37 бөбекжай-балабақша әдіскері Әйгерім Байымбетова жеңіп алды. Байқаудың бірінші орнын «Н.Назарбаев білім қоры» қоғамдық қоры, Атырау қалалық филиалының «Мирас» бөбекжайының әдіскері Салтанат Өмірәлиева мен Тараз қаласындағы «Балдәурен» бөбекжайының әдіскері Салтанат Рамазанова, екінші орынға Талдықорған

қаласындағы №7 бөбекжай-балабақшаның әдіскері Эльмира Атаманова мен Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданындағы «Алтын ұя» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Абзал Саматов ие болды.

Сонымен қатар, бұл күні Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық «Лидер педагог» конкурсының да нәтижесі белгілі болды. Еліміздің барлық өңірінен қатысқан 1340 педагог өз шеберліктерін сынға салды. Бұл сайыста Алматы қаласының атынан қатысқан Эльмира Нұршаева, Ғалия Шаметова және Айхұр Әлімбекова барлық кезеңнен өтіп, жеңімпаз деп танылды. Барлық байқау жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар мен Білім және ғылым министрінің Құрмет грамоталары табыс етілді.



Сұраныс жоғары

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл колледждерге құжат тапсырғандар саны жылдағыға қарағанда екі есе өсті. Бұл ретте жастардың өзі де үлкен өмірге ертерек араласқысы келетінін жасырмайды. Тіпті сала мамандары да бұл пікірді жоққа шығармай, жастардың оқуын тез бітіріп, тез жұмыс табатынын айтады.

Нақты дерек бойынша, биыл Алматыда колледж бітірген түлектердің 76%-ы жұмыс тауып үлгерген. Оның басты «күпиясы» – колледждер көбінде сұранысқа сай мамандарды даярлайды. Сондықтан жұмыс табу да аса қиындық туғызба-са керек. Колледждерде көбіне шаштараз, аспаз, даяшы, кассир, тігінші, дәнекерлеуші, әрлеуші, сырлаушы, құрылыс-шы сияқты сұранысы жоғары мамандарды оқытады. Бүгінде Алматыдағы 83 орта-арнайы оқу орнының 22-сі мемлекеттік мекеме, ал 47 колледж мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытады. Колледжде оқитын студенттерге 21 мың теңге көлемінде стипендия, бір мезгіл ыстық тамақ та беріледі.

Жастарға жағдай
жасалудаРая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Алматы қаласы тұрғындарының денін жастар құрайды. Еліміздің басқа өңірлерінде тұрып жатқан жастардың да өмір жолындағы тандаулары осы Алматыдан басталады. Олардың көбі жақсы көретін, өзін асырайтын мамандықты игеру үшін Алматыны тандайды.

Студенттердің арасында басқа өңірлерден келіп оқитын жастар жетерлік. Соңғы жылдары студенттер санының артуына байланысты жатақханадан орын алу күрделі мәселеге айналды. Ал ауылдан келіп оқуға түскен жастардың арасында тұрмыстық жағдайларына байланысты оқуды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндіктері болмай, оқудан шығып қалатындар да жиілеп кетті. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевпен болған кездесуде осы мәселе де тұрғындар тарапынан көтерілген еді. Қазір қаламыздағы бірнеше оқу орны жастарға арнап жатақханалар салып жатыр. Биыл құрылысы басталған ғимараттардың пайдалануға берілетін уақытына да аз қалды.

Бокс – ерлік мектебі

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Қалада жаңа бокс клубы ашылды. Онда аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары үшін тегін сабақтар өткізіледі. Клубты өз күшімен алматылық Айдо Кеспер ашты.

Жас жігіттің айтуынша, ол әрқашан спортты барлық балаларға, әсіресе, мұқтаж отбасыларға қолжетімді студі армандаған. Пікірлестерінің қолдауымен ол идеяны жүзеге асырып, бокс клубын ашты. Мұнда 8 жастан 14 жасқа дейінгі барлық балалар үшін есік ашылды.

– Әрине, клубта білім алушыларға қойылатын ерекше талап бар. Бірінші – сабақтан қалмау. Сондай-ақ, дені сау және жаттығуға дайын балалар арасында іріктеу болады, – деп бөлісті Айдо Кеспер. Оның айтуынша, бокс – адамның мінезі мен еркі шыңдалатын ерлік мектебі. Оқушылар үшін басты шарт – табысқа және қажырлы еңбекке деген берік сенім. Алматылықтың бастамасы назардан тыс қалған жоқ. Оған қолдау көрсетіп, балалармен шеберлік сыныптары мен сабақтар өткізуге белгілі спортшылар, жаттықтырушылар мен спорт шеберлері атсалысуда.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген ішкі тартуға клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒА
МАУСЫМЫНДА

153 АДАМ ЗАРДАП
ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС
БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жөңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жөңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығу керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ
ҚЫЗМЕТІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ

104



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртеккің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне

хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Құс тұмауы

Құс тұмауы – бұл құстардың классикалық обасы, өткір өтетін, жұқпалы вирустық ауру. Ас қорыту, тыныс алу органдарын зақымдалады. Көп жағдайда құстардың өліміне әкеп соқтырады. Құс тұмауы вирусы жабайы және үй құстарында, жылқы, шошқада кездеседі. Жабайы құстар (суда жүзетін үйрек, аққу, қаз) құс тұмауымен ауырмайды, алайда, індеттің таралу көзі болып саналады. Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымының хабарлауы бойынша, адамдар ауруды құсты ұстаған жағдайда, ластанған қоршаған ортада жұқтырады.

Бүгінгі күнде Қазақстанда құс тұмауының таралуының алдын алу үшін келесі іс-шаралар жүргізілуде. Құс фермаларында ветеринарлық қадағалау, залалсыздандыру талаптары күшейтілген. Құс тұмауына күдікті құстар өртеледі. Шет елден және құс тұмауы тіркелген аудандардан құс өнімдерін тасымалдауға тыйым салынған. Жеке аулаларда үй құстарын күтуде арнайы киім және бетперде кию, оларды күнделікті залалсыздандыру, құс тұмауына күдікті, ауырған құстарды басқаларынан жеке оқшаулап, мал дәрігерлеріне хабарлау, өлген құстарды өртеу, мұздатылған құс өнімдерін асқа пайдаланғанда гигиеналық және аспапты талаптарды қатаң орындау қажет.

Құс тұмауының белгілері: Құс тұмауының тәбеті жоғалады, жемге тәбеті болмайды, әлсіздік, паралич болады. Мойны салбырап, бастары 180 градусқа бұрылып кетуі мүмкін, айдары ісініп, мұрындарынан су ағып, түшкіреді.

Адамдардағы белгілері: Жалпы белгілері маусымдық тұмауға ұқсас болады. Дене қызуы көтеріліп, жөтел пайда болады, бұлшық еттері, тамағы ауырады.

Жұғу жолдары: адамдар ауру құстармен қатынас кезінде, оларды күту, қораны жинау, ауа арқылы, көздің шырышты қабығына, тыныс алу жолдарына шаң-тозаңның түсуі, құс етіні өңдеу және бөлшектеу кезінде жұғуы мүмкін.

Келесі сақтану шараларын қадағалау қажет: Құстарда ауру белгілері пайда болған жағдайда, жедел ветеринар мамандарына хабарласып, ауырған құсты оқшаулау қажет;

Ауырған құстардың өлекселерін өртеп, тұрған орындарын тазалап, залалсыздандыру керек;

Құс етінен, жұмыртқадан тағам дайындағанда толық пісіріп жеу (еттің ішкі температурасы +70 градустан кем болмауы керек);

Адамдарда құс тұмауының белгілері болса, дереу дәрігерге қаралу;

Құс еті мен құс өнімдерін, шыққан жері белгісіз көше саудагерлері мен ветеринарлық құжаты жоқ жерлерден алуға мүлде болмайды.

Э.ТҮКТІБАЕВА,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы тамақ қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы.

«Lemon Lombard» ЖШС 2021 жылы 21 қазан күні сағат 09.00-де, Алматы қ., Әуезов к-сі, 181, 17-пәтер мекенжайы бойынша кепіл мүлкін (бұрын пайдалануда болған зергерлік бұйымдар) сату бойынша сауда-саттық өтетінін хабарлайды.

Өтінімдерді 2021 жылғы 20 қазан сағат 18.00-ге дейін: Алматы қ., Әуезов к-сі, 181, 17-пәтер мекенжайы бойынша немесе lemon@lmb.kz электрондық пошта арқылы жолдауға болады.

Сауда-саттықты Голландтық әдісі бойынша өткізіледі.

Бағаны өзгерту қадамы – 10%.

Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты +7 707 117-90-10 телефоны бойынша алуға болады.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, Ленинград қорғаушысы, ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі

Сергей Иванович ПАНКРАТЕНКОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туыстарына және жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАНҒЫЗДЫ!»

Елімізде 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында жалпыұлттық халық санағы өтіп жатыр



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2 0 2 1
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ



**ТҰРАҚТЫ
ТҰРҒЫНДАР**
Қазақстанда 12 ай және одан артық уақыт тұрақты тұратындар



**ШЕТЕЛГЕ ІССАПАРҒА
ЖІБЕРІЛГЕНДЕР**
1 жылға және одан көп уақытқа қызметтік іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметкерлер



**ШЕТЕЛГЕ
КЕТКЕНДЕР**
1 жылдан аз уақытқа іссапарға, келісімшарт бойынша жұмысқа немесе оқуға кеткен Қазақстанның тұрғындары



ТУРИСТЕР
Шетелге емделуге, демалуға, қонаққа кеткен Қазақстанның тұрғындары



ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР
Шетелден Қазақстанға тұрақты тұруға немесе пана іздеп келгендер



ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ
Қазақстанға оқуға немесе жұмысқа 1 жылға және одан артық уақытқа келгендер



ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ
Қазақстанда 1 жылдан аз уақыт жүргендер

КІМ САНАҚТАН ӨТЕДІ?

FACT VS FAKE



Адамдарды чиптеу мағынасыз

Telegram мессенджерінде адам басының силиконды муляжына микрочипті қалай енгізетіні көрсетілген бейнеролик тарауда.

Құрылғы иненің көмегімен құлақтың артына мүлдем көрінбейтін етіп орналастырылады. Онда «адамдарды да осылай чиптейді» делініпті. Отандық фактчекерлер бұл ақпаратты жоққа шығарып, бейнені жалған деп тапты. Шын мәнінде, оны шприц-аппликатордың көмегімен жануарларға егеді. Сол арқылы жануардың жасы, оның шығу тегі және иелері туралы ақпаратты, сондай-ақ, жоғалған үй жануарларын табуға болатын сәйкестендіру нөмірін анықтауға болады екен. Малды солай чиптейді. Бұл деректерді тек арнайы сканердің көмегімен оқуға болатын көрінеді.

– Көптеген себепке байланысты адамдарды олай чиптеу мағынасыз. Біріншіден, чиптегі ақпарат, әдетте, адамдарға қолданылмайды (мысалы, иелері мен тұқымы туралы мәліметтер) немесе құжаттарда көрсетілген (мысалы, жасы). Екіншіден, құлақтың артына үлкен диаметрлі инені енгізу мүмкін емес. Мұндай процедураны вакцинациямен шатасты-

руга болмайды. Иммунизацияға арналған препараттар, әдетте, дельтоидқа, яғни иыққа енгізіледі, – деп жазады stopfake.kz.

Бүгінгі таңда адамдар чиптерді өз қалауы бойынша имплантациялай алады. Құрылғы тері астына, құлақтың артына орналастырылмайды, өйткені, оны оқу қиын. Сондықтан оны алақанға енгізеді. Мұндай чиптердің функционалдығы да өте қарапайым. Олардың көмегімен адамды бақылау мүмкін емес.

– Бұдан шығатыны, бейнежазба, әдетте, жануарлармен жасалатын манипуляцияны көрсетеді. Кадрларда ветеринарлық шприц-аппликатор көрінеді. Ол вакциналар мен басқа да дәрі-дәрмектер енгізілетін әдеттегі инъекциялық шприцтен айтарлықтай ерекшеленеді. Планетаның бүкіл тұрғындарын чиптеу теориясы қастандық болып табылады. Бұған дейін қазақстандықтарды вакцинациялауға арналған шприцтерден чиптер табылғаны туралы фейк әшкереленген болатын. Іс жүзінде бейнероликте ветеринарлық аппликаторлар көрсетілді, – деп түйіндеді сарапшылар.

Әзірлеген
Айкерім НӨЛДІБЕКОВА.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Ұлы дала көкжиегі

Алматыда «Атамекен» республикалық экспедициясы мәреге жетті. Бір ай ішінде бір топ энтузиастар Қазақстанның ең ерекше жерлерін зерттеді. Ұйымдастырушылар бұл жобаны ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнады.

Экспедиция екі кезеңнен тұрған. Топ елдің ерекше аймақтарын толық қамту үшін бөлінді. Кездесу орны мен бағыттың соңғы нүктесі болып Алматы қаласы таңдалған. Бірінші топ Батыс Қазақстан мен оңтүстік өңірлерді, екінші топ – Шығыс Қазақстан аумағын саяхаттады. Саяхатшылар әр өңірдің «визит картасы» саналатын тарихи және туристік нысандарды аралады. Ұйымдастырушылардың «Атамекен» экспедициясының мәре нүктесі ретінде ару қаламызды тандағаны да кездейсоқ емес екен. Олардың айтуынша, саяхат егемендіктің 30 жылдығына арналса, ал Алматы – ел Тәуелсіздігінің бесігі саналады.



Кітапхана қоры толықты



Шаһардағы Ұлттық кітапхана қоры толықта түсті. Қытайтанушы ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Клара Хафизова жеке кітап-

хана топтамасын Ұлттық кітапхана қорына тапсырды.

Топтама Қазақстан тарихына байланысты алуан түрлі ғылыми-зерттеулерді, әлемге әйгілі тұлғалардың өмірбаяндары туралы құнды құжаттарды қамтиды. Бұл топтамада қытайтанушы ғалымның жарты ғасыр ішінде Цин императорлары тұсында қазақ-қытай қарым-қатынасы туралы жазған монографиялық еңбектері де бар.

– 1956 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жинаған кітаптарымның бәрін Ұлттық кітапханаға ұсынып отырмын. Біріншіден, балалар оқысын деп ойлады. Енді жасым үлкен. Ол кітаптарды аламын деген кісілер өте көп болды. Шет елден де болды. Осы кітаптар біздің Қазақстанда қалсын деп ойлады. Барған жерімнен кітап тасып алып келемін, – деді академик.

Ажар 1 жасқа толды

Алматы хайуанаттар бағында тұратын кенгуру – Марат пен Лараның отбасында мереке. Олардың төлі Ажар бір жасқа толды.

Хайуанаттар бағының қызметкерлері кенгурудың ерекшелігі – төлдің қай күні туғанын ешкім нақты айта алмайды дейді.

– Кенгурудың туған күнін біз ананың мінез-құлқындағы өзгерістерді байқаған кезде анықтаймыз. Ажар өте кішкентай, салмағы – 750 миллиграмм, бойы – 20 миллиметр, әрі толық дамымаған болып туылды, – делінген хабарламада. Десе де, баптап-күтудің арқасында Ажар аяқтан тұрып, жүгіріп кеткен.

Әзірлеген А.РАЙЫСҚЫЗЫ.

